



Жас өркен Қостанай



№ 2 (99) наурыз-сәуір 2019 жыл

МЕНШІК ИЕСІ:

Ахмет Байтұрсынов
атындағы
Қостанай мемлекеттік
университеті.
Ректор Алма ДОЩАНОВА

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға
Кенжеғали САҒАДИЕВ
Диқан ҚАМЗАБЕК
Нұрлан МАМИЕВ
Гүлнар БЕРКЕНОВА

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор
Ақылбек ШАЯХМЕТ
8(705) 650-65-51
шығарушы редактор
Гүлнұр Кәкімбек
менеджер-дизайнер
Әйгерім Шаяхметова

Журнал ҚР Мәдениет,
ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде
2002 жылы
18 қарашада тіркеліп,
№3386-Ж куәлігі берілген.
Екі айда бір рет шығады.
Редакцияға келіп түскен
хаттар әдеби өңделеді,
қысқартылады,
түзетіледі. Көлемі үш
компьютерлік беттен асқан
материалдар қабылданбайды.

12 сәуір – Қазақстан ғылым қызметкерлері күні



Бұл күннің ел экономикасының өркендеуіне өз үлестерін қосып жүрген түрлі ғылым саласындағы азаматтар мен ғалымдар үшін маңызы айрықша. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында білім және ғылым саласы қызметкерлеріне ерекше назар аударылған. Елбасы Жолдауынан туындайтын тапсырмалар мен бағыт-бағдарларды жүзеге асыру мақсатында Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінде де жоспарлы түрде нәтижелі жұмыстар атқарылып келеді.

Құрметті ғылым саласының қызметкерлері, профессор-оқытушылар! Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтай отырып, ел болашағы жолындағы жаңашылдық пен ізденіске толы еңбектеріңізге табыс тілеймін!

құрметпен, ректор Алма Дощанова



Ұлттың ұлы ұстазы

Ахмет Байтұрсынов – қазақ ғалым-ағартушысы, жазушы, тіл маманы, түркітанушы, қоғамдық және саяси қайраткер, «Қазақ» газетінің негізін салушы, бірінші қазақ әліппесінің авторы.

Ахмет Байтұрсынов 1872 жылы 5-ші қыркүйекте Қостанай облысының қазіргі Жангелдин ауданындағы Ақкөл ауылында дүниеге келген. Жоңғарлармен соғысқан Аманжол батыр мен Үмбетей батыр – оның ата-бабалары. Байтұрсын – Ахметтің әкесінің аты. Ахмет 13 жасқа келгенде әкесі – ағалары Ақтас пен Сабалақпен бірге уезд басшысын таяққа жығады. Сол үшін олар 15 жылға Сібірге жер аударылады.

Ахаң екі сыныптық Торғай орыс-қазақ училищесінде оқиды, сосын Орынбор қаласындағы мұғалімдер семинариясына түседі. Ұстаздық қызметін 1895 жылы бастады: алғашқы кезде Ақтөбе уезіндегі Батпақ болысында сабақ береді, кейін Қостанай уезіндегі Әулікөл ауылына көшіп келеді. Қостанай қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесінде мұғалім болып қызмет атқарады, Қарқаралыдағы орыс-қазақ училищесіне жетекшілік етеді.

1905 жылы Әлихан Бөкейханов пен Мыржақып Дулатовпен бірге патшаға арналған әйгілі “Қарқаралы ашық хатын” жазады. Хатқа 15 мыңға жуық адам қол қояды. Бұл іс-әрекеттің із-түссіз кетуі мүмкін емес еді. Ұзамай ашық хат жолдаушылар қуғынға ұшырайды. 1909 жылы Ахмет Байтұрсынов тұтқынға алынып, Семей түрмесіне қамалады. 1910 жылдың ақпан айына дейін ол сонда болады. Содан соң елге қайту құқынан айрылып, екі жыл Орынборға жер аударылады. Жазушы отбасымен бірге 1917 жылдың соңына дейін Орынборда тұрады.

Осы кезеңде ол өзінің барлық уақытын әдебиет пен ағартушылық қызметке арнап, Иван Крыловтың мысал өлеңдерін қазақ тіліне аударады. Ана тілін оқытатын алғашқы оқу құралын шығарады. Ақынның тұңғыш өлеңдер жинағы – «Маса» – 1911 жылы жарық көрді.

1913 жылы Әлихан Бөкейханов пен Мыржақып Дулатовпен бірге Орынборда бірінші жалпыұлттық «Қазақ» газетін ашты. 1917 жылы «Алаш» партиясын құруға қатысып, «Алаш Орда» үкіметінің жетекшілігіне тағайындалды. Сол жылы жыл аяғында Торғай дуанынан Құрылтайға сайланды.

1919 жылы “қазақ халқына берген уәдесін орындай ма” деген үмітпен болуы мүмкін – Советтер жағына шықты. Сәл кейінірек коммуни-

стер қатарына өтіп, Қырғыз өлкесін басқаратын комитеттің (Кирревком), Оқу-ағарту халық комиссариатының (Нарком), Қазақ Орталық атқару комитетінің (КазЦИК) мүшесі болды. Ресей мен Қазақстан мемлекеттерінің арасындағы шекараны анықтауға тікелей ат салысты.

1920 жылы Қазақстандағы Ленин саясатын қатал сынға алып, 1921 жылы советтік саясатқа қарсы әрекеті үшін партия қатарынан шығарылды.

Осы кезден бастап 1928 жылға дейін елдегі халық ағарту институттарында сабақ беріп, Алматыдағы Қазақ мұғалімдер институтының қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры болды. 1924 жылы қазақ әліппісін қайта жасаушылардың бірі ретінде – одан қажетсіз 12 араб әріпін алып тастауды ұсынды.

1929 жылы 2-ші маусымда басқа алашордашылармен бірге “контрреволюциялық қызметпен айналысты” деген айыппен тұтқынға алынып, Бутырь түрмесіне қамалды. 1930 жылы 4 сәуірде ату жазасына кесілді. 1931 жылы ату жазасы он жыл түрмеге отырумен ауыстырылып, бір жарым жылдан кейін, 1932 жылы қараша айында үш жылға Архангельскіге жер аударылды.

1934 жылы Максим Горькийдің өтінішімен тұтқыннан босады. 1937 жылы 8 қазанда қайтадан ұсталып, 1938 жылы 8 желтоқсанда оққа ұшты.

Байтұрсыновтың әйелі Бадрисафа да жазаға тартылып, Свердлов облысына жер аударылды. Сол жерде ауыр дертке шалдығып, мүгедектерге арналған ауруханада көз жұмды.

Ахмет Байтұрсынов қызметі мен есімі 1988 жылы 4 қарашада ақталды. Оның артынан, 1989 жылы 5 қыркүйекте Бадрисафа Байтұрсынова да ақталды.

Қазақстан қалаларындағы көшелерге жазушы аты берілген, Қостанай мемлекеттік университеті – қайраткердің атымен аталды. Алматыда Байтұрсыновтың мұражай-үйі ашылып, қасына ескерткіші қойылды. Ахмет Байтұрсыновтың ескерткіші Қостанай мен Шымкент қаласында да бар. Қостанай мемлекеттік университеті Ахмет Байтұрсыновтың есімімен аталады.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІ

Тілі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады.

*Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша
тәрбиелесең – құл болмақшы.*

Жер мәселесі – қазақтың тірі я өлі болуының мәселесі.

*Мойындағы борышты білу – білімнің ісі, борышты
төлеу – адамишылық ісі.*

*Мектептің жаны – мұғалім. Шежіре, заманхат,
өмірбаян, мінездеме – бәрі де тарихтың жемі есебіндегі
нәрселер.*

*Мақал – тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтыла-
тын сөз.*

*Күнелту үшін – ас керек, ас істеуге – күш керек, күшті
жұмсауға – ес керек.*

Әркім өзі жақсы білетін нәрсесін сынауы керек.

Алушы да, беруші де – өзіне жағымды жағын іздейді.

Кейбір істерді істеу керек бола тұра істеуге болмайды.

*Өткенді қуғанды қойып – осы күйіңді жөндеуге жөн
іздеу керек.*

Жұрт керегін білетіндер – көп, істейтіндер – аз.

Талап – жоқ, үміт – мол бір халықпыз.

*Біреу – жұмыс қылайын десем тұрған жерім жаман
дейді, біреу – маңайымдағы елім жаман дейді: бұлардың
бәрі де – бос сөз!*



Тағдыры тағылым - Бәдрисафа

Адамзаттың басына бір-ақ рет берілетін, бұл жарық фәниде пенде өзіне өмірлік жар таңдауда кездейсоқтыққа бой алдыруы мүмкін бе? Әйтсе де Ахандай алғыр жанның жүрегіне жол тапқан перизатты да, сол аруды өзіне мәңгілікке жар еткен Ахметті де «пендешілік есеппен тұрмыс құрған-ды» деу күпіршілік. Оларды бір-біріне кезіктірген тағдырдың тылсым күшінің құдіреті шексіз бе дерсіз!

Менің бұл мақалаға «Тағдыры тағылым – Бәдрисафа» тақырыбын алуымның басты себебі қазақ еліне деген адалдығынан танбаған Алаштың ардақты азаматы, ұлтымыздың ұлы көсемі, қазақтың біртуар тұлғасы А.Байтұрсынұлына өмірінің соңына дейін адал жар бола білген Бәдрисафа апамыздың көп айтыла бермейтін өмір жолы, тағдырының беймәлім тұстары. Бәдрисафаның негізгі шыққан тегі қандай, ол кісі туралы кезінде жұртшылық қандай пікірде болды, ол кісінің өміріне қатысты қандай деректер бар екенін көп іздедім. Өзіміздің Торғай ауылындағы А.Байтұрсынұлының мұражайына бардым, ол жерден біраз материалдар таптым. А.Байтұрсынұлының өмірбаяны жазылған көптеген кітаптарды алып оқыдым. Ақпараттық интернет сайттарында отырып, түрлі орыс тілді сайттардан алған мәліметтерімді қазақ тіліне аударып қолдандым. Өзімнің әкемнің өз әкесінен естіген естеліктерін де Бәдрисафа бейнесін танытуға қолдандым.

Өзінің ақыл-ойын да, күрескер қайсар рухын да елінің ертеңіне бағыштаған Ахә – Ахмет Байтұрсынов түрмеге бес рет қамалған екен. Ақырында атылды. “Халық жауларының” қайсысының да отбасы, әйел, бала-шағасы қорлықты көресідей көрді. Соның ішінде Ахметтің отбасы мен туыстары шеккен зәбірдің жөні бөлек. Ахәның асыл жары Бәдрисафаны (Александраны) да заманның кара дауылы аямады, қаңбақтай ұшырды. Ахмет тоңған суыққа ол да тоңды, Ахмет көрген азапты бірге тартты. Осы кезге дейін оның да сүйегінің қай сайда қалғаны белгісіз болып келеді.

Аманқарағай – Қостанай өңіріндегі табиғаты сұлу, қалың қарағайлы, ұзындығы екі жүз шақырымдай алқапқа жайылған, орманды мекен. Осы өңірге жер аударылған Иван ауылдағы Аманқарағай орманының қорықшысы болып, тапқан аз нәпақасымен отбасын асыраған қарапайым шаруа екен. Иванның қызы Александра осылайша орманнан жеті шақырым қашықтықта орналасқан Әуликөлге кез келеді. Орыс қызы Александра сауатты, көзі ашық, иманжүзді, аяулы жан болса керек. Ал, осы елге оқытушы болып, екінші рет қайта келген жас мұғалім Ахмет Александрмен осылай танысып еді. Ахметтің «Әуликөлді» өзіне пана тұтып, қайта оралуына себеп жоқ та емес еді. Өйткені анасы Күншінің ағайын-туғандары, өзінің нағашы жұрты Сүгір елі осы жердің байырғы жұрты болатын. Ахмет пен Бәдрисафа Торғайдағы тумалардан қол үзіп, Сүгір елінде біршама уақыт бұйығы өмір кешуіне тура келді. Ол кезде ел ішіндегі Дала заңы бойынша, нәсілі бөлек жандар бір-бірімен отандасуға болмайтын еді. Ұстанған діндері бөлек, «Бірі-мұсылман, бірі-христиан»



қос жүрек, арасы жүз шақырымдай болатын Қостанай қаласына келеді. Мұнда көп аялдамай, осы өңірге жақын жатқан теріскейдегі Троицкіге жол тартады. Олар шаһар ішіндегі мұсылмандар мешітінің ақыл-кеңесіне жүгінеді.

1989 жылы 5-қыркүйекте Шолпан Ахметқызына Қазақ КСР Прокуратурасы берген «Ақтау туралы» мәліметтерге назар аударсақ. Анықтамада: «Байтұрсынова Бадрисафа Мұхамед-Садыққызы, туған жылы-1878, Орал қаласының тумасы, ұлты-татар, КСРО азаматшасы, үй шаруагері» деп, оған 1931 жылы 13 қаңтарда тағылған жер аудару қаулысының күші жойылғаны жөнінде мәлімдеме жасайды. Ресми құжатта Бәдрисафаның нағыз ныспысы-орыс нәсілі екендігі көрсетілмеген. Себебі Александра өмірін А.Байтұрсыновпен жаңаша бастаған. Сондықтан оны кейінгі ортасы-жаңа жұртшылық «татар қызы Бәдрисафа Мұхамед-Садыққызы» деп таныды.

Осы кітаптың 35-ші бетінде: «Ахмет Байтұрсынұлының адал жары – Бәдрисафа жайында қилы болжамдар жасалған, зерттеушілер әр түрлі нұсқадағы болжам келтірген» – деп жазылады. Мәселен, «Ахмет Байтұрсынұлының жұбайы Александра атты орыс қызы болған. Өзі тұрған пәтер иесінің қолында тұрған жетім қыз екен. Түрмеде жатқан алаштың ардақтысына бар көмегін аямай, тамақ тасып, қолынан келгенше көмектеседі. Адамгершілігі зор, адал көңілді аттап кетіпті ар санап, түрмеден шыққан соң сол қызға үйленеді» - деп жазылған. Р.Имаханбетова өзінің «Ғасыр саңлағы» еңбегінде бұл пікірлердің жаңсақ екендігін, дерексіз деп теріске шығарған.

Жалпы, бүгінгі ұрпаққа Бәдрисафаның бейіті ғана емес, оның өмір-деректері де анық емес. Бәдрисафа – Ахаңның әлі бізге беймәлімдеу жұмбағы. Оның туған жері, болашақ жарына кездесуі, жалпы адамдық келбет-кескіні, қадір-қасиеті туралы бірнеше нұсқа жазылып жүр, бірақ нақтылық аз. Ахмет Байтұрсыновтың 1924 және 1925 жылдары толтырған анкетасы бойынша Бәдрисафаның туған жылы 1878 жылға тура келеді. Қағаз бетінде қалған дерек жоқтың қасы болғандықтан, Бәдрисафаны көзі көргендердің айтқан, қалдырған естеліктері негізге алынған. Данабике Байқадамова мен Гүлнәр Дулатованың әңгімелеріне сүйенген жазушы Дүкенбай Досжанов Ахмет пен Бәдрисафа Қарқаралыда танысқанда бірінің 34-те, екіншісінің 29 жаста болғанын жазады. Ахаң Қарқаралыда түрмеге түскенде Александра деген орыс қызы оған тамақ тасып, кір-қоңын жуып көмек қолын созады. Кейін арыс аға Семей түрмесіне қамалғанда да артынан іздеп барып, көмектеседі. Онда өзімен сыйластығы бар Мұхаметсадық деген татар саудагердің үйіне Ахмет әлгі өзіне тамақ тасып жүгіріп жүрген Александраны қызметші етіп орналастырады. Өзі түрмеден шыққан соң адамгершілігі мен адалдығына сүйсінген Ахаң Александраға үйленеді. Ол Мұхамедсадықтың аурудан қайтыс болған Бәдрисафа есімді қызының атын Александрға алып, мұсылмандыққа өткізіп, татар қызы деп некеге тұрады делінген. Енді бір дереккөздерде Бәдрисафаның Ахмет Байтұрсыновқа тұрмысқа шыққанға дейінгі есімі Александра Иванова. Ол кісі Челябин облысында 1978 жылы туылған. Әулікөл поселкесіндегі қазақ – орыс мектебінде жұмыс істеген. Ал Қостанайлық белгілі журналист Ілияс Байтұрсынның мәліметіне қарағанда Александраның әкесі Аманқарағай орман шаруашылығында қарауыл болып жұмыс істеген. Жас мұғалім А.Байтұрсыновты Әулікөл поселкесіндегі жаңа мектепке жұмысқа жіберген. Осы жерде Александраның ата-анасының пәтерінде орналасқан. Ахмет пен Бәдрисафаның (Александраның) кездесуі осылай басталған. Екеуі бір-бірін ұнатып Троицкіде мұсылмандық салтпен мешітке Зейнолла Ишанға некелерін қидырған. Ол жерде Александраға қайтадан азан шақырып Бәдрисафа Мұхамедсадыққызы деген есім берілген.

Осы оқиға жөнінде Қостанайлық журналист әрі жазушы Байтұрсын Ілияс 1998-жылы А.Байтұрсыновтың 125 жылдық мерейтойына орай жарық көрген «Алтын бесік» кітабында былай дейді: «Нұртаза ақынның баласы, атақты Әбіқай ақынның туған бауыры Нәуен молда Орынбордан келе жатқан Аханды үйіне құрметпен қарсы алып енгізеді. Бұрыннан Ахана іші бұратын, қадір тұтатын, әзіл-қалжыны жарасқан достығы болыпты. Нәуекен Ахана өзілін қыстырып жібіреді: - Аха, мына қасыңыздағы тым сымбатты асыл перизатыңыз, өзінің көзі де әдемі келісті, есімі кім болар екен? - дейді. дейді және А.Байтұрсынов Бәдрисафаны мұсылман салттары мен әдет – ғұрпын үйренуге 2-3 айға мешітке қалдырған. Бәдрисафа мұсылмандық шарттарды тез қабылдап, өмірінің соңына дейін мұсылман әйел болған. Ахмет ағамыздың жары Бәдрисафа жайлы деректерде: «Қасқат

ауылында көз жұмған Александра кім еді?» мақаласында: Ахаң тартқан азаптан оның жары Бәдрисафа да тыс қалмады. Ол да қуғын-сүргінге ұшырады. Осы кезде Ахаңның сүйегінің де қайда қалғаны белгісіз еді. Осы орайда Ахмет Байтұрсыновқа алыс туысы болып келетін Нұрзипа Амированың айтуынша: «1937 жылы Ахмет ату жазасына кесілгеннен кейін Бәдрисафа Қостанайда болған, бұл Ұлы Отан соғысының алдында болатын. Кейін Бәдрисафа тағы із түзсіз кетеді, одан кейін Қостанайға екінші рет 1942 немесе 1943 жылы келген. Бұл уақытта Н.Амированың есебінше Бәдрисафаның жасы 64-65 жаста болған. Осы уақытта Қостанай қаласының маңында орналасқан Александровка поселкесіндегі мүгедектер үйіне жолдама алған болуы мүмкін» - дейді.

2012 жылы Алаштың ардақтысы – Ахаңның аяулы жары – Бәдрисафа Мұхамедсадыққызына арнап ескерткіш қойылды.

*Мұсылман дінін ризаңыз пейілмен
Қабылдаған арқа, Ахметтің Жерек
Қалауымен шыққан «Бәдрисафа» деген Жаңа
нысаны беріледі. Бала крине арабша тіл
сыйдырған Ахметтің бұл есімді таңдауы
тегіз емес еді. Арабшада «бадрун» сөзінің
«толық ай», ал «сафа» сөзінің «кіршікеіз
таза» деген мағына беретінін білетін ол,
болашақ Жарына тек осы ерлу есімді
лайық көрді.*

Ұлт ұстазы, қазақ халқының төлқұжатындай тұлға Ахмет Байтұрсыновтың өлеңіндегі осы бір шумақты Торғай өңірінің көнекөздері Ахаң ақталмай тұрып-ақ сыбырласып айтып отырады екен. Мұны Ахаң өзінің асыл жары Бәдрисафаға арнап айтқан болса керек. Ахметтей асылдың сүйегін таныған, оған адал жар ғана емес, сырлас, қиналғанда тірек, мұңдас болған Бәдрисафа анамыз 30-шы жылдардың ішіндегі саяси қуғын-сүргіннің қазақтың ұстарадай сыпырып кеткен азаматтарынан кем көрген жоқ. «Төресі» үшін айдалды да, қаңғып та қалды. Соның барлығына да төзді. Көзкөргендердің айтуынша, Ахаңның қалауын – Бәдрисафаны оның туыстары да «ақ келін» деп қадірлеген. «Ақ келіннің» Ахана да, оның еліне, халқына да адалдығында шек жоқ еді. Енді, оның іздеушісі де Ахаң аңсаған азаттықтың игілігіне кенеліп отырған оның бүгінгі ұрпағы – халқы болып отыр.

2009 жылы қарашада «Бәдрисафа» экспедициясы құрылып жүргізген зерттеу жұмыстарының мәліметтерінің ізімен 2012 жылы экспедицияның мүшесі, журналист Людмила Фелелованың басшылығымен Қостанай қаласында «Ақ келін» атты қойылым көрерменге жол тартты.

Акерке Жанмұрат,
Журналистика мамандығының 1 курс студенті



ӨЛЕҢДЕГІ КӨСЕМСӨЗ

Поэзиядағы публицистика – өлеңмен жазылған көсемсөздер қатарына жатады. Ақындардың жырына арқау болған қоғамдық оқиғалар ақын тілімен айтылғанда айтары анық, бояуы қанық болатыны сөзсіз. Ахмет Байтұрсынов ақындар мен билердің сөздерін зерттеуші ғана емес, сондай билер аузынан шығатындай сөздерді өзі де айтушы.

Мәселен, «Жұбату» деген өлеңіне назар аударайық. «Еркін дала, Еркін қайда? Еркіндегі көркін қайда? Тулы, нулы жерін қайда? Сулы, шулы көлің қайда? Еркін көшкен елің қайда? Ел қорыған ерің қайда? Тура айтатын биің қайда? Би бардағы күйің қайда?»

Үзіндіні өлең түрінде емес, әдейі қара сөз секілді беріп отырмыз. Мұнда ақындықтан көрі шешендік үрдістің басымдығы көзге шалынады.

Енді осы өлеңдегі алдыңғы және соңғы бунақтардың орнын ауыстырып оқып көрейік:

Еркін қайда, еркін дала?
Көркін қайда еркіндегі?
Жерін қайда тулы, нулы?
Көлің қайда сулы, шулы?
Елің қайда еркін көшкен?
Ерің қайда ел қорыған?
Биің қайда тура айтатын?
Күйің қайда би бардағы?

Шынында да, «қайда?» деген сөздің қайта-қайта қайталануы тыңдаушыға ерекше әсер етеді. Кейінгі вариант шешендік үлгі жағынан алғашқы варианттан кем түспейді. Тек қана ұйқас жоқ демесе, ырғақ және екпін сақталады.

Немесе «Тілек-бата» өлеңіндегі: «Жақын жерден жау шығып, мақұл сөзден дау шығып, дұшпан ұстап қолымнан, иттер тістеп тонымнан, маған тосу болған шак, тұтқын болып тарығып, жалғыз жатып зарығып, ашу қысып, ойды алып, өт жайылып, бойды алып, дерт жүрекке толған шак», – деген жолдар шешендік үлгіде жасалғаны көзге айқын көрінеді.

Ахмет Байтұрсынов сөздерінде оның өзі айтқан шешендік өнердің қанды қыздыратын, намысты келтіретін, жүректі тулатып, естен айыратын уытты, лепті сөздерінің қолданылғанын көреміз.



ОЙ ҰҚСАСТЫҒЫ

Ой ұқсастығы көркем әдебиетте жиі кездеседі. Түрлі ұлттың көптеген қанатты сөздері де ұқсас. Орыстар «У семи нянок дитя без глаза» – дейді. Қазақша баламасы: «Қойшы көп болса, қой арам өледі». Ал «ағама жеңгем сай» деген тіркесті орыс тіліне аударса, оның мағынасы «Два сапога пара» болып шығады. Өмірде де әртүрлі жағдайлар болады.

Көзілдірікті мұрын көтереді, пайдасын көз көреді. Таяқты қол ұстайды, пайдасын аяқ көреді. Қазақ ондайда: «Күріш арқасында күрмек су ішеді» – дейді.

1970 жылы жарық көрген «Алдаспан» атты (құрастырған Мұхтар Мағауин) кітапта Асан Қайғының:

«Таза, мінсіз асыл тас –
Су түбінде жатады.
Таза, мінсіз асыл сөз
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,
Шер толқытса шығады» – деген шымыр

шумақтары жарық көрді. Қазақтың шешендік сөз саптауы негізінде жазылған жыр екені дау туғызбайды.



Осы өлең туралы Сауытбек Әбдірахманов арнайы мақала жазып, «1989 жылы Ахаңның кітабы да шықты. Қарасақ – осы өлең сол кітапта жүр. Басына «Ю.Жадовскаядан» деп жазып қойыпты. Бар айырмасы: бірінші жол – «Мінсіз таза меруерт», үшінші жол – «Мінсіз таза асыл сөз», бесінші жол – «Су түбінде жатқан зат» деген мысал келтіріп, бұл өлең орыс тілінен аударылған» деген ұйғарым жасапты. Ал орыс тіліндегі нұсқасы мынандай:

Лучший перл таится
В глубине морской;
Зреет мысль святая
В глубине души.
Надо сильно буре
Море взволновать,
Чтоб оно, в бореньи,
Выбросило перл!
Надо сильно чувствовать
Душу потрясти,
Чтоб оно, в восторге,
Выразила мысль.

Сауытбектің: «Аударманың мінсіздігі, сөз саптауының қазақылығы сондай, 1970 жылы Ахмет Байтұрсынов аудармасын бәрібір бастыра алмайтынын білген Мұхтар Мағауин Асан Қайғы бабамызға басыбайлы етіп бергенде күмән келтірген ешкім болған жоқ» – деген уәжімен де келісу қиын.

Ақын Мырзан Кенжебай «Ұлт» порталында жарық көрген «Сауытбек Асан Қайғының жырын кімге телімек?» (8 қаңтар, 2014 жыл) деген мақаласында: «Әртүрлі халықтар әдебиетінен мол хабардар Жадовская сонау Алтын Орда, Қазақ, Ноғай, Қырым хандығы дәуірлеріндегі ақын-жыраулардан немесе жалпы Шығыс әдебиетінен аударма жасамады, соларға еліктемеді деудің өзі жөн білетін адамға өте ұят. Қайталап айтар болсақ, Асан Қайғының бұл толғау үлгісі Жадовская түгіл бүкіл арғы-бергі орыс поэзиясына тән нәрсе емес. С.Абдрахманов мырза Асан Қайғының бұл атақты толғауын не мақсатпен біресе Жадовскаяға, біресе Байтұрсыновқа теліп, өзі «өзекті» деп атаған мақала жазғанын өзі білсін» – деген ой айтыпты.

Шынында да назар салып қараған оқырман нені аңғарады. Біріншіден, аталмыш жыр орыс тілінен қазақшаға аударылған дегеннен көрі, қазақшадан орысшаға

аударылған жырға ұқсайды. Ахмет Байтұрсынов бұрын естіп жүрген жолдарды аударма кезінде пайдалануы да мүмкін. Ал Жадовскаяның осы Асан Қайғы айтқан жырды естіп, өлең қылмасына кім кепіл?! Немесе олардың ой ұқсастығы бір арнада тоғысқан деуге де негіз бар.

Тағы бір мысалға назар аударайық. Ахмет Байтұрсыновтың:

«Ауыз біреу, қол екеу,
Ол неліктен бұлай?!

Көп істеуші, аз жеуші,
Жаратқаны ол солай!» – деген шумағы аз сөзге көп мағына сыйғызған ойлы шумақ.

Таяуда Татьяна Петухова деген орыс ақынының «Интересно, почему?» деп аталған өлеңін оқыдым.

Папу спрашивает сын:

-Интересно. Почему

Уха два, язык один.

Ну никак я не пойму?-

-Хорошо, что ты спросил,

Поясню, Илюша,

Чтоб ты поменьше говорил,

А побольше слушал!

Ахмет айтқан ой орыс ақыны жырында айнымай қайталанып тұр. Бірақ, ол Ахметтің өлеңін оқыды деп айту қиын. Осындай ой ұқсастықтары ақындар жырларында жиі кездеседі. Бірақ, кейде соны түсінбей, «пәлен ақын түген ақыннан ұрлап алған» деген сөздерді естіп қаламыз. Бұл қате түсінік болып қалуы екеніне мән бермейміз.



Ақылбек Шаяхмет
жазушы,

Ахмет Байтұрсынов атындағы ҚМУ
профессоры



ЖЫРЛАРЫ ЖАЙСАН ҚАЗАҚ ЖҮРЕГІНДЕ



14 наурыз күні Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, филология ғылымдарының кандидаты, ақын, жазушы Нағашыбай Мұқатовтың 70 жас мерейтойына орай ұйымдастырылған «Шаттықтың шаңырағын тік көтерген» атты іс-шара өткізілді. Құт пен береке, кешірім мен амандықтың нышаны саналған Көрісу күнінде студенттер тойға жиналған барша қонақтарды мерекемен құттықтап, жыр мен мәтіден шашу шашты.

Аталған шара бұрынғылардан өзгереді. Себебі ақынның өзі де Қазақстан радио—сы және теледидар саласында, Торғай, Қостанай облыстық радиолары редакциясында 40 жылға жуық журналистік қызмет атқарған. Сондықтан кеш әдеттегідей концерт түрінде емес, бағдарлама форматында өткізілді. Шараға қоғам және мәдениет қайраткерлері, достары, сүйласатын адамдары шақыртылып, құттықтау лебіздерін білдірді.

Университет ұжымы Нағашыбай Оразбайұлын мерейтойымен құттықтап, шығармашылық табыс, қажымас қайрат тіледі.

Көрнекті ақын, жазушы, әдебиеттанушы, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері Қайнекей Жармағанбетов 1918 жылы 25 тамызда (шын аты Файнетдин) Қостанай облысы, Жангельдин ауданы, Шилі ауылында туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің тіл-әдебиет факультетін (1941), аспирантурасын (1949) бітірген. Қазақстан комсомолы Орталық комитетінде хатшы (1941-1948), Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде аға оқытушы, доцент, директордың орынбасары (1948-1958), бұрынғы «Әдебиет және искусство», қазіргі «Жұлдыз», сатиралық «Ара», «Шмель» журналының бас редакторы, Мәскеу қаласынан шығатын сатиралық «Крокодил» журналының Қазақстандағы меншікті тілшісі, Қазақстан Жазушылар Одағында жауапты хатшы, әдебиет кеңесшісі (1958-1964) болған.

Қ. Жармағанбетов 1964 жылдан бастап бірінші шығармашылық жұмыспен айналысты. Ол «За-

ман біздікі» (1950), «Адам туралы аңыз» (1951), «Мұғалима туралы баллада» (1957), «Балладалар» (1962), «Соңғы түн» (1967), «Сырлы тал» (1971), «Шыңдағы шамшырақ» (1976) деп аталатын және басқа да бірнеше өлең, баллада кітаптарының, әйгілі әнші Әміре Қашаубаев жайлы жазылған «Әнші азамат» повесінің, талай әңгіме, новелла, көркем очерктердің авторы. Қайнекей ұлттық әдебиетке оқиғалы өленді, баллада жанрын берік орнықтырған, оны әбден кемелдендірген қаламгер.

Жармағанбетов көне Торғайда туса да, алғыр азамат ретінде танылды. Өзінің тұрақты ізденісі, қарымды қабілеті арқасында ұлтаралық қатынас тілін өте жетік меңгерді. Энциклопедиялық білімімен көзге түсті. Чилидің патриот, коммунист ақыны П. Неруданың «Қашқын» поэмасын, С.И. Тургеневтің «Әкелер мен балалар» романын, Б. Ершовтың «Тұлпартай, Сұңкартай» ертегісін,



Қайнекей Жармағанбетов тәңір сыйы көркемсөз көк байрағын желбіретіп жүріп, маңайындағы жас буынға ұдайы, шынайы қамқорлық жасай білді. Сонау 1950-шы жылдары С. Қирабаев, Б. Соқпақбаев, Н. Ғабдуллин, Ғ. Қайырбеков, М. Сәрсекеев, А. Нұрқатов, Б. Сахариев, М. Рашев сияқты ақын, жазушы, ғалымдарға тамаша тәлімгерлік көмек беріп, оларды ұлттық әдебиеттің белді-белді өкілдеріне айналдырды.

жапон жазушысы Карридін «Шығыстағы бір бейбақ» драмасын, И. Шиллер, А. Мицкевич, А. Барто, М. Лермонтов, А. Пушкин, В. Маяковский, сонымен қатар көптеген туысқан қырғыз ақындары өлеңдерін қазақшаға аударған. Әйгілі әдебиеттанушы ретінде А.Н. Радищев, А. Рудаки, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ж. Жабаев, Н. Ахметбеков шығармаларын зерттеп, зерделеген.

Қайнекей 1974 жылы, қыркүйек айының 10-шы жұлдызы күні бар болғаны 56 жасында дүниеден озып, туған жері Шилі ауылына жерленді. Қазіргі таңда көрнекті ақын есімінде Торғай селосында көше, кітапхана бар. Шилі ауылындағы орта мектеп Қайнекей Жармағанбетов атын иеленген.

Жоғарыда айшықтап айтқанымыздай, Жармағанбетов көзі тірісінде ақын-жазушылардың көбіне саялы бөйтерек бола білген. Талайларды ашық аспандай шуағына молынан шомылдырған. Оны дені жақсы біледі. Пендешілікпен ұмыт қалдырғандар да жоқ емес. Ғұмырының соңғы жылдарында ауру мендеп, хал-ахуалы күрт төмендеген табиғи талант иесі «Токтам» деп аталатын өлең жазыпты. Онда мынадай жолдар бар:

Қай қиынға тікпедім ғазиз басты,
Шарладым ғой шартарап, тау мен тасты,
Етегімнен ұстаған елпекбайлар

Кісі болды, мүгедек менен қашты
Қиялменен төңіректі түгендеппін,
Адамдыққа арамдық жібермеппін,
Азап көрсе азамат ер болмай ма
Ашуымды ақылға жүгендеттім.

Ұлттық әдебиет тарихына тереңнен үңіліп, таразылап, саралап көрсек, Қайнекей Жармағанбетов негізінен елді елеңдетіп, жан жүректі тебіртетін оқиға желісінен туындап, шынайы суретті көз алдына әкелетін балладаның хас шебері деуге әбден болады. Оның «Кекті бала», «Большевик туралы баллада», «Жидебайдың түндері мен күндері», «Галлилей», «Фердоуси» туындылары сөз жоқ рухани қазынаға айналған. Қиян-кескі сұрапыл соғыста болмаса да, ақын елмен бірге егіле отырып, майдан көріністерін көркемсөзбен қаз қалпында суреттейді. Әсіресе қарымды қаламгердің:

Толқынды Днепрдің жағасында,
Туған жер Украина даласында,
Жорықта жүрді біздің партизанда

Түн қатып қалың орман арасында, - деп басталатын әйгілі «Кекті бала» балладасын кім ұмытар. Кейде қазақ кино өнерінде маңдай терін төгіп жүргендер сценарий жоқ деп ауыздарын қу шөппен сүртеді. Көзі көреген, көкірегі ояу, ой-кеңестігі керемет режиссер болса, осы балладаның оқиғасы деректі фильмге сұранып-ақ тұрған жоқ па?!

Үстіміздегі жылдың тамыз айының 25-ші жұлдызында көрнекті ақын, жазушы, әдебиеттанушы, аудармашы, мемлекет және қоғам қайраткері Қайнекей Жармағанбетовтың туғанына 100 жыл толды. Аталған шараға орай, туған жері Жангельдин ауданында әдеби кеш өтіп, көрме ұйымдастырылды. Торғай селосындағы ақын есіміндегі көшеге оның тастан қашалған мүсінін 1968 жылы туған перзенттер қойды. Қостанай қаласындағы Мемлекеттік педагогикалық университетінде республикалық ғылыми-практикалық

конференция өткізілді. Облыстық әмбебап кітапханада «Шынайы жырдың шебері» деп аталатын әдеби сазды кеш ұйымдастырылды. Екі мерекеге де Алатау баурайынан арнайы келген мейман, академик Әлима Қайнекейқызы қатынасып, жиналған жұртшылыққа ізгі лебізін білдірді. Алдағы қараша айының аяқ шенінде Алматыдағы Абай атындағы педагогикалық университетте жазушының мерейтойына арналған конференция өтпекші. Көрнекті қаламгер мұраларын насихаттау бұқаралық ақпарат құралдары белсенділігімен біршама жүріп жатыр. Алдағы уақытта да заңды жалғасын таппақшы.

Қайнекей Жармағанбетов ортамызда жоқ болса да, оның артында қалған бай қазынасы арқылы екінші рухани ғұмыры бізбен, әдебиет сүйер қауыммен бірге. Жырлары жайсаң қазақ жүрегіне баяғыда жайғасқан көрнекті ақынның көркемсөздегі күмбезі әлі мұңдалап тұрарына еш күмән жоқ.

Нағашыбай Мұқатов,
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
ақын,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қайнекейтанушы



ПРЕЗИДЕНТІМІЗДІҢ АЙҚЫН ҚОЛТАҢБАСЫ, ӘЛЕМ НАЗАРЫН ТІККЕН АЛАШТЫҢ БАҚ ОРДАСЫ!



Елбасы мәулетті мемлекетті орнатты. Қазақ мемлекетінің негізін қалаған тұлға, білікті саясаткер, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз еркімен Мемлекет басшысы өкілеттігін тоқтатты. Елбасы Кеңес Одағы күйреген тұстағы аса күрделі

“Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы заңының 9-бабына сәйкес қаулы етемін: Қазақстан Республикасының астанасы Астана қаласы Қазақстан Республикасының астанасы Нұр-Сұлтан қаласы деп қайта аталсын. Осы жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі, – деген жарлық негізінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Астанасын Нұр-Сұлтан деп қайта атау туралы жарлыққа қол қойды.

Астана атауының өзгеруіне байланысты оқу ордамыздың ұжымы да өз пікірлерін білдірген болатын.

геосаяси жағдайда жаңа мемлекеттің негізін қалап, оның көшін бастады. Осы қызметінен өз еркімен кетуі бәріміз үшін де күтпеген жаңалық болды. Ол қазіргі көпсалалы қоғамдағы жүйелі реформаларды іске асырған сарабдал саясаткер.

Жалпы, саяси көшбасшылардың мойнында үлкен тарихи міндет пен жауапкершілік тұрады. Олар мемлекет пен қоғамның түбегейлі өзгеру процесін басқарады. Нұрсұлтан Назарбаев феномені – президенттік институттан өсіп, Ұлт көшбасшысы деңгейіне жеткені.

Елбасы мәулетті мемлекетті орнатты, сәулетті астананы көтерді. Көшбасшымыз әлемдік деңгейдегі іс-шараларды өткізіп отырды. Оның мақсаты елімізді бейбітшілік

бесігіне айналдыру еді. Ол мақсаты да орындалды. Біз әлемдік аренада көпвекторлы формуланы ұстанып отырмыз, 187 елмен қарым-қатынас орнаттық. Бүгінде экономикасы дамыған, нарықтық қатынасы қалыптасқан ел рухани өрлеу жолында да жұмыстар атқарылуда. Елбасы 30 елдің қатарына баратын сара жолды салып берді. Бастысы, ол саясаттан кеткен жоқ. Оның еңбегіне басымды иіп алғыс айтамын. Сондай-ақ Елбасыға "Халық қаһарманы" атағы табыс етілді. Шын мәнісінде де ұлт келешегіне кемел даңғыл салған көреген көшбасшыны бұл асқақ мәртебеге лайық деп есептеймін!

Қалқаман Жақып,
профессор, ҚХА мүшесі

ЕЛБАСЫ ҚАНДАЙ АТАҚҚА ДА ЛАЙЫҚ!



2019 жылы 19 наурызда сағат 19.00-де қазіргі заманның көрнекті саясаткері, қазақстандық мемлекеттіліктің негізін қалаушы, этникааралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісінің авторы,

ядролық қарусыздану көшбасшысы және көптеген мега-жобалардың авторы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ел Президентінің өкілеттігін доғару туралы жариялады.

Ол біздің елімізді халықаралық аренада танымал және құрметті еткен, көптеген жағдайда мемлекеттік қайраткерлердің алды болды. Елбасы харизмалық, жігерлі және патриоттық Ұлт көшбасшысы болып қала береді.

2010 жылы ЕҚЫҰ-ға, 2018 жылғы Қауіпсіздік Кеңесінде табысты төрағалық ету, «ЭКСПО 2017» халықаралық көрмесін өткізу, жаңа заманауи Астана қаласын құру және оның басқа да инновациялық, бітімгершілік бастамалары мен жеңістері – Қазақстанның өркендеуі. Елдің негізін салған дана және көреген саясат иесінің еңбегі ұшан-теңіз.

Мен жас ғалым, Қазақстан

халқы Ассамблеясының мүшесі, өз елінің патриоты ретінде бүгінгі тарихымыз еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен байланысты екенін мақтан тұтамын. Ол үдемелі және прогрессивті дамуға баға жетпес үлес қосты, мықты реформа қалыптастырды, отыз ең күшті және бәсекеге қабілетті державалардың тобына кіруге алғышарт жасады. Бүгін Елбасымызға "Халық қаһарманы" атағы берілгеніне де күллі қазақстандық куә болды. Расымен де, Нұрсұлтан Әбішұлын бұл мәртебеге сөзсіз лайық жан деп есептеймін!

Әлімжан Бекмағамбетов,
Ахмет Байтұрсынов
атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің заң факультетінің деканы, ҚХА мүшесі



Қазақстан әлемге несімен қызық?

Мәдениетімен, әдет-ғұрпымен, ерекше тілі, домбырасы, қобызы мен көне әндері қызық. Себебі, бұл біздің нағыз мәдениетіміз, біздің ерекшелігіміз. Әміре Қашаубаев Париж сахнасында ән салып, оның орындаған әні бүкіл әлемді өзіне қаратса, талай спорт сандақтарымыз дүбірлеген додаларда оқ бойы озық шықты.

Шартарап «Қазақстан» дегенде ең алдымен кімді таниды және кім арқылы бізді елестеді. Осынау сұрақтың жауабына кез келген адам елбасымыз деп жауап берер еді. Әрине, көптеген басылымдар арқылы дәлелімізде бар. Мысалы, елбасы сапарларының әлемдік БАҚ беттерінде жариялануын көрейік.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Еуроодақ елдеріне (Бельгия Корольдігі мен Француз Республикасы) жасаған ресми сапарының қорытындылары әлемдік БАҚ-тардың қызығушылығын оятып, қоғамдық резонанс тудырды.

Соның ішінде америкалық «The Wall Street Journal» газеті "Қазақстан Еуроодақпен байланысты нығайта түсті" деген материалын жариялады. Осы газет британдық ықпалды саясаткерлердің бірі, ЕО сауда істері жөніндегі экс-комиссары Питерь Мандельсонның мынадай пікірін беріпті: "Қазақстан - ресурстарға мейлінше бай, жаңарту мен жаңаландыруды мақсат еткен экономикасы бар ел. Мұнда барынша кең әрі жақсы реттелетін рынок қалыптасқан, сондай-ақ бұл ел инвесторларға саяси тұрақтылық, болжалдылық және қуатты экономикалық әріптес болып, сенімділікті ұсына алады. Қазақстан өсіп келе жатқан жаһандық экономиканың бір бөлігі. Біз бұл аймақтағы іскерлік мүмкіндіктерді қолдан шығарып алмауымыз керек".

Француздың Le Figaro газеті "Қазақстан экономиканың зерттелмеген әлеуеті" атты мақала жариялады. Онда: "Президент Н.Назарбаев еуропалық, соның ішінде француз компанияларын инвестициялық ынтымақтастыққа

Valeurs Actuelles журналы да Қазақстан туралы "Еуразия жүрегіндегі конструктивті қуат" атты мақала жариялады. Онда: "Астана мен Париж арасындағы тамаша қарым-қатынастар француз инвесторларының жолын ашады.

Француздың Тоталь, Альстом, Арева, Санофи-Авентис, ЕАДС, Талес сияқты ірі компаниялары Қазақстан рыногында қазірдің өзінде табысты жұмыстар істеп жатыр", делінген.

Осылайша, тұңғыш елбасымыздың атқарған ерен еңбектері мен тағылымды, тыңғылықты қызметтері қашанда әлем назарында. Соның нәтижесінде, бүгін Қазақстан - әлемдік қауымдастықта, біріншіден, басқа елдермен, оның ішінде Азия, Тынық мұхит, Таяу Шығыс аймағы, Еуропа елдері және АҚШ-пен халықаралық байланысты өркендетті. Екіншіден, шет елдермен тек дипломатиялық байланыс қана орнатып қоймай, олармен мәдени-экономикалық байланысты күшейтіп, сол арқылы алдыңғы қатарлы өркениетті елдердің қатарына қосылу. Үшіншіден,

Қазақстанның қауіпсіздігін сақтау, дүниежүзілік соғысты, ядролық қаруды қолдануды болдырмауда. Осы уақытқа дейін Қазақстан Республикасын дүние жүзінің 180-нен астам мемлекеті таныды. Қазақстан 120-дан астам елмен дипломатиялық қатынастар орнатты. Шет елдерде 40-тан астам дипломатиялық және консулдық өкілдіктер ашылды. Ал Алматы мен Астанада 50-ден астам шетелдік елшілік пен миссия, халықаралық және ұлтаралық ұйымдардың ондаған өкілдігі жұмыс істейді.

Гүлнұр КӘКІМБЕК,
Өз тілшіміз





ҚМУ ҒЫЛЫМИ ӘЛЕУЕТІ



А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-да бүгінгі ғылым–бұл ғылыми мектептер, жоғары білікті профессорлық-оқытушылар құрамы, ғылыми басылым, сапалы қызмет жасап жатқан магистратура және докторантура, шетел жоғары оқу орындарымен байланыс жасау. Мұндай бірлескен күш салысу – аймақ үшін отандық ғылымның дамуына енгізілген лайықты үлес.

Қазіргі уақытта университетте қолтаңбалы ғылымдардың бағыттары бойынша ғылыми мектептер ұйымдастырылған:

- ауылшаруашылық – өнімділігінің гинетикалық әлеуетін көтеру және Солтүстік Қазақстанның түрлі агроэкологиялық аймақтары үшін күшейтудің инновациялық принциптері, экологизация және ресурстарды сақтау негізінде, ауылшаруашылық жерлердің тұрақты өнімділігін және құнарлы топырақтарды өндіруін қамтамасыз ететін агротехнологияларды жетілдіру;

- өнімділіктің генетикалық өсуі, жем беру технологияларын жетілдіру,

- Солтүстік Қазақстандағы ауылшаруашылық малдарды, құс және балықтарды асырау және өндіру;

- әдістерді жасау, оның ішінде биотехнологиялық әдістер, ауылшаруашылық малдардың, құс және балықтардың ауруын емдеу және сақтандыру диагностикасы, тағамдық қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

- механизация, автоматизация және техникалық сервис саласында, агроөнеркәсіптік кешен жолындағы инновациялық технологияларды жасау және енгізу;

- энергия үнемдейтін, энергия сапалық технологияларды және энергияның баламалы көздерін жасау. Заманауи техника үшін келешек құрылым материалдарын дайындау;

- кәсіби білімінің сапасын, өзектілігін және тиімділігін көтеру. Білім беру процесіне жаңа ақпараттық технологияларды жасау және енгізу;

- агроотандық саласында ауылшаруашылық өндірістің және тұтынушылар сұранысының ішкі және сыртқы нарықтағы бәсекелесуге қабілеттілігін, ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын жақсартуын

қамтамасыз ететін экономикалық қатынастар жүйесінің ғылыми дәлелдеуі;

- жаһандану жағдайында қазақстан қоғамы дамуының әлеуметтік – гуманитарлық, тарихи – мәдениетті және психологиялық зерттеулері.

Ғылыми мектептерде қолтаңбалы және терең ғылымдар бойынша ғылыми кадрларды дайындау жұмысын ойдағыдай жүргізеді. Зерттеулер гранттық және бастамашылық тақырыптар бойынша жүргізіледі. Ғылыми жетекшілері университеттің ғылым докторлары: Колдыбаев С.А., Харченко С.В., Найманов Д.К., Пионтовский В.И., Ким Н.П., Айтмухамбетов А.А., Тегза А.А., Кушнир В.Г., Курманов А.К., Кальнаус В.И., Жиентаев С.М., Мишулина О.В., Легкий Д.М., Васильчук Е.В. және т.б.

ҒЫЛЫМИ ЖЕТІСТІКТЕРІМІЗ

Қазақстанның заманауи дамуы ғылымсыз, инновациялық технологияларсыз, өндірісте, білім беруде ғылыми жетістіктерді енгізусіз мүмкін емес. Ғылым және білім беру Қазақстан қоғамының экономика серпінділігі және саяси тұрақтылығының қамтамасыз етуінде маңызды рөлін атқарады.

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ғалымдары және қызметкерлерінің ғылыми зерттеу жұмысы 2009 жылдан бастап жүзеге асырылады. Университеттің ғылыми-зерттеу қызметінің бастапқылығына, ғылыми жұмыстарының нәтижесін көтеруге, білім беру және тәрбие мақсаттарын ғылымға әсерін күшейтуге жету үшін, экономикалық зерттеу орталығы (ЭЗО), Инновациялық ғылыми–білім беру Орталығы (ИФББО) құрылған. Ғылыми орталықтарды ұйымдастыру экономика, ауылшаруашылық, биологиялық және ветеринария ғылымдары бойынша, ғалымдар және оқытушылар, студенттер және университет магистранттарына ғылыми зерттеулерді жүргізуге мүмкіндік береді.

2018 жылы «Ғылымның дамуы» 217 бюджеттік бағдарламасы бойынша, 102 «Ғылыми-зерттеулердің гранттық қаржыландырылуы» бағдарламашылық, 156 «Консалтингтік қызметтер және зерттеулер төлемақысы» спецификасы бойынша 2018 жылдың қаржыландырылуының сомасы көлемінде «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылыми комитеті» мемлекеттік мекемесінен А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ 6 тақырыптан 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруға ие болды. Оның ішінде «Герефордтық және ангусттық тұқымды ірі қара малдың қазақстандық селекциясының өсу қарқынын реттейтін гендері бойынша ет өнімділігін кешенді түрде генетикалық таңбалауы» жобасы. Бейшова Индира Салтановна - тағам өнімдерін өңдеу сынақ зертханасының молекулярлы-генетикалық зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, бас ғылыми қызметкер (жобаның жауапты орындаушысы);

2.«Отандық селекцияның жоғары өнімді сиырларының өнімділік ұзақтығын жақсарту жөніндегі кешенді бағдарламаны әзірлеу және енгізу» жобасы. Шайқамал Гулшат Иманжанқызы – мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы кафедрасының меңгерушісі, жобаның жетекшісі;

3. «Солтүстік Қазақстандағы сирек кездесетін өсімдіктер түрлерінің популяциясының генофондтың молекулалы-генетикалық талдауы» жобасы. Султангазина Гульнар – аграрлық-биологиялық факультетінің биология және химия кафедрасының меңгерушісі, доцент,

бас ғылыми қызметкер (жобаның жетекшісі);

4.«Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі энтеропатогендік зооантропонозды аурулардың патогендерінің антибиотикалық қарсылығын бақылау» жобасы. Рышанова Раушан Миранбаевна - ғылыми-инновациялық орталығының иммунобиологиялық зерттеулер бөлімінің меңгерушісі,



PhD, жобаның жетекшісі;

5. «Кешенді рентгенографиялық зерттеулердің өзара толықтырушы әдістерімен кен пайдалы қазбалардың талдауы барысында алынған кіріс деректерді өңдеу үшін, ақпараттық автоматтандырылған жүйені әзірлеу, және оның бағдарламалық жасақтама түрінде жүзеге асыру» жобасы. Медетов Нурлан Амирович – ақпараттық технологиялар факультетінің деканы, доцент, бас ғылыми қызметкер (жобаның жетекшісі);

«Ғылымның дамуы» 217 бюджеттік бағдарламасы бойынша, 101 «Ғылыми-зерттеулердің мақсатты қаржыландырылуы» бағдарламасы, 156 «Консалтингтік қызметтер және зерттеулер төлемақысы» спецификасы бойынша 2018 жылдың қаржыландырылуының

сомасы көлемінде «Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылыми комитеті» мемлекеттік мекемесінен А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ 1 тақырыптан 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруға ие болды. «Машина жасау кәсіпорындарының өнімнің сапасын қамтамасыз ету үдерістерін кешенді зерттеу және өндірістің тиімділігін

арттыру үшін нормативтік құжаттар жүйесін құру» жобасы. Салыкова Ольга Сергеевна - бағдарламалық қамтамасыз ету кафедрасының меңгерушісі, Ж.А.К. доценті, бас ғылыми қызметкер (жобаның жетекшісі).

Университетте патент-лицензиялық қызметі жақсы дамыған. Соңғы жылдары оқу процесіне және өндіріске 80-нен астам ҒЗЖ нәтижелер енгізілген. Өнертабысқа

және өнеркәсіп үлгілеріне тапсырыстар университетте негізінде техникалық, аграрлық және ветеринария бағыттар бойынша қалыптасады. А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ творчестволық ынтымақтастық туралы ҚР жетекші жоғары оқу орындарымен келісімшарттар жасаған. Осы келісімшарттар шеңберінде университетте бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстар орындалады, конференциялар, семинарлар өткізіледі, студенттер және магистранттармен алмасу жұмысы жүзеге асырылады, ғалымдар және мамандар іссапарға барып тұрады, студенттерге оқу және ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру үшін жетекші ғалымдар шақырылады.



АГРАРЛЫҚ БИОЛОГИЯЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ – ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТАР АЛАҢЫ.

2018 жылы биология және химия кафедрасының Сұлтанғазина Г.Ж. және Бейшова И.С. жетекшілігімен ҚР БҒМ ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыруы негізіндегі 2 ғылыми жоба, Бейшова И.С. жетекшілік жасаған 1 жоба Қазақстан Республикасы Бірінші Президентінің қоры ұйымдастырған қаржыландыруын жеңіп алды.

Төрт халықаралық жоба жүзеге асты, оның ішінде агрономия кафедрасында Түркия мемлекеті Самсун қаласындағы Ондокуз маис Университеті және «Костанайский НИИСХ» ЖШС-мен үшжакты келісім орнаған. Шетелдік Түркия тарапынан Иззет Акча, Қазақстан тарапынан Нугманов А.Б., Калимов Н.Е. жетекшілігімен «Влияние удобрения нового поколения, разработанного на основе нанотехнологий на урожайность и качество урожая яровой пшеницы (*Triticum aestivum*) в условиях Казахстана» тақырыбы зерттелді.

Экология кафедрасында да бірнеше зерттеулер жүргізілді. SARUD «Устойчивое сельское хозяйство и развитие сельских территорий», жетекшісі Жарлыгасов Ж.Б.; ЕСАР - «Развитие компетенций Центрально-Азиатских университетов в области Аграрной политики по охране окружающей среды и землепользования» жетекшісі АБФ-ң деканы Калимов Н.Е.; SusDev - «Обучение в течение всей жизни для устойчивого развития» жетекшісі экология кафедрасының меңгерушісі Юнусова Г.Б.

2019 жылы факультетте 1 халықаралық және 3 мемлекеттік грант жобасымен жұмыс жүргізілуде.

АБФ жоғары ғылыми потенциалға ие, 56 штатты



Индира Бейшова, Үздік оқытушы - 2018

оқытушының 1-і ғылым докторы, 1-і философия докторы (PhD), 22 оқытушы ғылым кандидаты, 3-і профессор және 13 оқытушы доцент.

Оқытушылар мен докторанттардың ғылыми зерттеу нәтижелері халықаралық Scopus, Thomson Reuters, Springer базалы және республикалық БҒСБК журналдарда мемлекеттік және ағылшын тілдерінде, республикалық және әлемдік конференция жинақтарында жарияланады.



Жыл сайын кафедра ұжымының ұйымдастыруымен түрлі басқосулар мен кездесулер өткізіліп тұрады. 2018 жылы «Заманауи биологияның теориясы мен тәжірибесі, әдістемесі» тақырыбында дәстүрлі халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Нәтижесінде Қазақстан, Ресей, Беларусь, Өзбекстан, Украина және Польшадан келген жас ғалымдардың ғылыми зерттеу негізіндегі келесімдері орнады.


Студенттердің жүргізген зерттеулері де жұлделі орындардан көрініп жүр. Жыл сайын ҚР Білім және ғылым министрлігі ұйымдастыратын конкурста 4 жоба үздік деп танылып, 2 орын иеленді.

«Парасатты жастар – 2018» бизнес-жобасы конкурсында «Химия» мамандығының 4 курс студенті биология ғылымдарының кандидаты Дрюк О.В. жетекшілігімен қатысып, үшінші сатыға дейін ұсынылды. Шетел тілдеріндегі «Power of Education - 2018» халықаралық конкурсында студенттер 2 орынды жеңіп алды.

Тәжікстанда өткен Халықаралық сайыста Ресей, Тәжікстан, Қазақстан және Беларусьідан келген 35 қатысушының ішінде «Агрономия» мамандығының 3 курс студенттері Ольденбург О.В. және Нургалиева С.С. 2 орын алды. Оған қоса, А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ мен Башкирия ГАУ халықаралық Он-лайн конференциясында біздің студенттердің зерттеулері 1 және 2 сатылардан көрінді.

Факультеттің сыртқы қатынас орнату жүйесі де жақсы дамыған. Белгород мемлекеттік ұлттық зерттеу университеті Экологиялық инженерия зертханасының меңгерушісі, профессор, ауылшаруашылық ғылымдарының докторы В.А. Коробовамен ауылшаруашылығы саласына қатысты дөңгелек үстел өткізілді. Аталмыш шараға «Қостанай облысы әкімшілігінің ауылшаруашылық басқармасы» МБ жетекшісінің орынбасары Бисимбаев Т. К., «АкБидай Агро» ЖШС директорының кеңесшісі Сейтказинов Д.Т., «Карантинная лаборатория» МБ директоры Казиев Б. Б. тағы да басқа жұмыс берушілер атсалысты.

2018 жылы Биология және химия кафедрасында оқытушылар, докторонттар, магистранттар мен студенттердің қатысуымен Перм мемлекеттік гуманитарлық-педагогикалық университетінің профессоры,



химия ғылымының докторы В.О.Козьминпен кездесу өтті. Кездесу нәтижесінде тәжірибе жинақталып, біраз идеялар ортаға тасталды.

2018 жылы Швед ауылшаруашылық университетінің профессоры, ғылым докторы Галия Замаратская факультетіміздің қонағы болды. Ойландырған сұрақтар қойылып, тұшымды жауап алынды.

Факультеттің оқытушылары мен магистранттары алыс-жақын шетелдерде тағылымдамадан өтеді, оның ішінде Башкирия, Ресей, Түркия елдері бар.

Осылайша болашақ сапалы маман даярлауда оқытушылар құрамы аянбай еңбек етуде.



Болашақтың ғалымдары студенттер аудиториясында отыр...

Студенттік ғылым туралы сөз қозғағанда, С.И.Вавиловтың «Ғылым қандай да бір белеске жеткенде одан да жоғары биікке жету жолындағы жана мүмкіндіктер ашылады, сол жолмен ғылым әрі қарай дамиды» деген цитатасы ойға оралады. Ал ғылымның дәл осылай биіктен биікке өрлеуі үшін онымен жастар айналысуы керек. Біз үшін бұл – студенттер. Оларды біз жетістікке жетелейміз, тәрбиелейміз.

Сауатты зерттеуші, өз ісінің маманы болып, ғылыми жоба, магистрлік диссертацияларын ойдағыдай жазуы үшін, түрлі ғылыми конференциялар мен форумдарда ұтымды ой айтуы үшін студенттер ғылыми жобамен жұмыс жасау қасиеттерін дамытулары қажет. Ертеңгі ғалымдар бүгін біздің алдымызда, аудиторияларда отыр. Біздің басты міндеміміз – ғылыми потенциалын ашу.

Жоғарыда келтірілген мақсатқа жету үшін шетел филологиясы кафедрасы студенттер мен магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырып келеді. Бұндай жұмыстарды ұйымдастырудың басты мақсаты кәсіби шығармашылық қызмет негіздерін, зерттеу жұмыстарының әдіс тәсілдерін, инновациялық қызметке дайындық қабілеттерін дамытуды көздейді. Зерттеу процесі жеке жұмыс және білім жүйесінде де басты құндылық саналады. Болашақ маман кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге дайын болуы тиіс.

ҒЗЖ білім бағдарламамыз, оқытушылардың

ғылыми потенциалы мен студенттің сұранысына жауап береді.

ҒЗЖ нәтижесі мен ұйымдастырылуына қатысты бірнеше фактіні келтіре кетсек.

Жыл сайын кафедра негізінде ғылыми бағытталған үйірмелер жұмыс жасайды. Оның тізгіні зерттеумен айналысып жүрген үздік оқытушылар ұстайды. Бұл үйірменің құрамына оқу ордасын тәмамдағалы жүрген жоғары курс студенттерімен қоса, алдағы уақытта ғылыми қызметпен айналысқысы келетін 2-3 курс студенттері мүше бола алады. Биылғы жылы екі студенттік үйірме жұмыс жасауда, олар «Лингвистикалық өзекті мәселелері» жетекшісі Абдибекова А.Е және Лингвистикалық зерттеу жүргізу тәжірибесі Тричик М.В-ның жетекшілігімен.

Ғылыми зерттеу жұмыстарының, эксперименттердің нәтижелері жыл сайынғы халықаралық ғылыми-тәжірибесімен конференцияда «Лингводидактика және лингвистиканың заманауи өзекті мәселелері» тақырыбында талқыланады, тыңдалады.

Аталмыш конференцияға Қазақстанның оқу орындары мен алыс-жақын шетелден студенттер мен магистранттар қатысады. Бұл басқосулардың ерекшелігі баяндамалар қазақ, орыс және бірнеше шетел тілдерінде қорғалады. Әрине бұл тыңдаушылардың қабілеттерін жоғарылатады. Конференция материалдары негізінде жинақ шығарылады.



Кафедра студенттері түрлі форумдар мен ғылыми талқы аландарында өз жобаларын қорғауда, мысалы:

1) «Студенттер ғылымының заманауи өзекті мәселелері: мәселелері мен шешу жолдары ҚМУ қабырғасында А.Байтұрсыновтың 145 жылдығына арналған, 2017 жыл 31 наурыз. «Аударма ісі» білім бағдарламасының студенті Ольга Суясткіна 1 орын иеленді.

2) Уральск Федеральды университеті қабырғасында өткен «Тіл әдебиеті. Аударма» тақырыбындағы студенттік ғылыми конференцияда Кристина Кандратенно баяндама жасады:

3) 2018 жылы Қостанай қаласында өткен «Әлемді шетел тілдері арқылы тану ел, тарих, мәдениет» тақырыбындағы III халықаралық студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясына Гүлназ Бател және Мария Тихомолова қатысып келді.

Мұндай мысалдарды тізбектей беруге болады. Жыл сайын «Шетел филологиясы» және «Аударма ісі» мамандығының студенттері жетекшілігімен түрлі ғылыми басылымдарда 40-қа жуық мақалаларын жариялайды. Соңғы үш жылдағы статистикаға көз жүгіртсек: 2016 жылы – 70, 2017 жылы – 40, 2018 жылы – 48.

Студенттер мен магистранттар тек мақала жазып

қана қоймай, түрлі халықаралық бағдарламаларға қатысу гранттарын да жеңіп алып жатады. 3 курс студенттері М.Зайцева және Н.Задорожная және «Шетел филологиясы» мамандығы бойынша магистратура түлектері М.Назбеннова және Н.Шанденцкая Шымкент қаласында өткен KazTEA болашақ оқытушылары грантын жеңіп алды (2018 ж. 14-15 наурыз) сондай-ақ, М.Зайцева, Н.Задорожная, Н.Шанзецкая «Жаһандану жағдайындағы Қазақстандағы тілдік білім» тақырыбындағы халықаралық ғылыми форумға қатысты. Бұл форумды шетел филология кафедрасының түлегі Жекебатырова. А. ұйымдастырған болатын. Ол 2017 жылы Йена қаласындағы (Германия) университетінде жазғы мектептен тәлім алып келді.

Қазіргі таңда 2019 жылдың 24 сәуірінде «Лингвистикант және заманауи лингвистиканың өзекті мәселелері» тақырыбында өтетін кезекті халықаралық конференцияға дайындық жүріп жатыр. Қызықты баяндамалар жанды пікірталас және ғылыми жаңалықтар ашылады деген сенімдеміз.

Эльмира НИКИФОРОВА
шетел филологиясының аға оқытушысы, Ф.Ф.Қ

ВЕТЕРИНАРЛЫҚ САНИТАРИЯ КАФЕДРАСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

Кафедра оқытушылары мен қызметкерлері ұжымының зерттеу мүдделері ветеринарлық санитарияның өзекті мәселелері төңірегінде шоғырланған.

Кафедраның ғылыми қызметі келесі бағыттардан тұрады: ғылыми-зерттеу және ғылыми-әдістемелік қызметке қатысу, монографиялар дайындау, Шетелдік жетекші ғылыми журналдарда (импакт-факторы бар), сондай-ақ Қазақстан Республикасының ғылыми басылымдарында ғылыми мақалаларды жариялау, 6D120200 - "Ветеринарлық санитария" мамандығы бойынша магистранттар мен PhD-докторанттарды даярлау.

Оқытушылар ғылыми, ғылыми-педагогикалық және инновациялық қызметті қаржыландыру көзі болып табылатын гранттарға, университет базасында, сондай-ақ басқа да білім беру ғылыми мекемелерімен ұйымдастырылатын түрлі деңгейдегі ғылыми конференцияларға (халықаралық, республикалық, аймақтық, қалалық және ЖОО ішілік) қатысады. Кафедра қызметкерлерімен 3 монография басып шығарылып, мамандық аясында оқылатын мәселелер бойынша жүздеген ғылыми мақалалар жарияланды.

Кафедраның ғылыми-зерттеу қызметі үш бағытта жүзеге асырылады:

1) Кафедра оқытушыларының жетекшілігімен жүзеге асырылатын студенттермен ғылыми-зерттеу жұмысы.

2) Кафедраның профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми жетекшілігімен жүргізілетін магистранттармен докторанттармен ғылыми-зерттеу жұмысы.

3) Ғылыми-педагогикалық жүктеменің орындалуын көрсететін кафедра оқытушыларының ғылыми-зерттеу жұмысы.

Қазіргі уақытта ғылыми-зерттеу жұмыстары кафедра ғалымдарымен бірге студенттер және магистранттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы бастамашылық тақырыптардың негізінде жүргізіледі:

1. Мал шаруашылығы кәсіпорындарында ветеринарлық-санитарлық тәртіпті және оны оңтайландыру жолдарын жетілдіру (жетекшісі Кауменов Н. С., ә. ғ. к., меңгерушісі).

2. Жануарлардан алынатын шикізаттар мен өнімдердің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігі (жетекшісі Елеусизова А. Т., PhD, доцент м. а.)

Кафедра жыл сайын "Жас зерттеуші: теория және тәжірибе" атты студенттік ғылыми-практикалық конференцияларды өткізеді (2019ж.), "Ғылымның даму болашағы" (2018ж.) оған факультеттің барлық ниет білдірген студенттері қатысады.

Кафедрада студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру жүйесі (CF3Ж) құрылды, оның құрылымы CF3Ж түрлерінің иерархиясы болып табылады: CF3Ж, білім беру процесінің бір бөлігі ретінде; CF3Ж, білім беру процесін толықтыратын және CF3Ж, білім беру процесіне



параллель. CF3Ж білім беру үдерісінің бір бөлігі ретінде кафедра оқытушылары білім беру процесі аясында студенттердің, магистранттардың зерттеу іскерліктерін дамытатын технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Жобалау қызметі сияқты, зерттеу іскерліктерін дамытуға ықпал ететін, технология кеңінен қолданылады. Курстық және дипломдық жобалардың, сондай-ақ магистрлік және диссертациялық зерттеулердің тақырыптары кафедраның ғылыми бағытына байланысты қалыптасады.

Оқу үдерісін толықтыратын CF3Ж негізінен, кафедра оқытушылары басқаратын екі бағыт бойынша ғылыми үйірмелер жұмыс істейді. Үйірме жетекшілері кафедраның жетекші оқытушылары болып табылады. Ғылыми зерттеулердің қорытындылары мен нәтижелері студенттердің ғылыми-практикалық конференцияларда баяндалады, материалдар тезистері мақалалар жинағында жарияланады.

Жыл сайын кафедрадан республикалық, халықаралық конференцияларға және пәндік олимпиадаларға қатысу үшін кафедра студенттері жіберіледі. Бірнеше жыл қатарынан ветеринарлық санитария кафедрасының студенттері Алматы қаласындағы Қазақ ұлттық аграрлық университеті өткізген республикалық пәндік олимпиадада жүлделі орындарға ие болды. Кафедра жыл сайын мамандық және факультет студенттері арасында бизнес-жобалар байқауларын ұйымдастырады. Осындай байқаулар білім алушылардың қызығушылығын тудырады, себебі өз идеяларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Үздік бизнес-жобалар кәсіпкерлерге ұсынылады, сол арқылы олар байқау қатысушыларымен байланыс орната алады.

Сонымен, 2019 жылдың ақпан айында ветеринария және мал шаруашылығы технологиясы факультетінде 4 курс студенті Рахимбеков Дархан дайындаған Ветеринариялық санитария кафедрасының "Молокомат" жобасы үздік бизнес-жоба болып танылды, оқытушы Нуржанова С.А. жетекшілігімен.

2019 жылы 22-24 ақпан аралығында AstanaHub алаңында "Қазақстандағы жастар жылы" аясында "Жас кәсіпкерлер клубы" ЖШС ұйымдастырған Startup Weekend (Астана қ.) өтті, Қазақстанның жоғары оқу орындарының 170 қатысушысы арасынан біздің жоба 3-ші орынға ие болды және біздің топ "Jastarbusiness" бағдарламасы шеңберінде 3 ай бойы акселерация бағдарламасына қатысу сертификатының иегері атанды.

"Молокомат" бизнес-жобасы арнайы автоматтар арқылы пакеттелмеген жаңа, пастерленбеген сүтті сатуды ұсынады. Молокомат - бұл делдалсыз (сатушысыз) құйылатын сүтті сату жүзеге асырылатын вендингітік құрылғы. Дүкендегі сүттен әлдеқайда арзан, өйткені қосымша өндеуден өтпейді және арнайы ыдысқа құйылмайды. Оны кез келген уақытта сатып алуға болады, автоматтар тәулік бойы, түскі үзіліссіз және демалыссыз жұмыс істейді.



Бизнес-жобасының қатысушысы және әзірлеушісі Дархан: «Осындай орасан зор іс-шараға қатысу мен үшін мәртебе. Бұл – тәжірибе, жаңа қарым-қатынас ортасы, бизнес құру және жүргізу дағдыларын үйретудегі, жергілікті және халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндіктерін іздеудегі мүмкіндіктер. Біздің бизнес-жобамыз көптеген басқа да лайықты идеялардың арасында атап өтілді. Біздің идеямыз іс-шараға қатысқан кәсіпкерлерді қызықтырды. Бизнесінің бұл түрі әлі танымал емес, сондықтан оның болашағы бар. Университет басшылығына "Startupweekend" байқауына қатысуға мүмкіндік бергені үшін алғыс білдіргім келеді».

Кафедра оқытушылары үнемі ғылыми жұмыспен айналысады, ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, семинарларға қатысады; ғылыми үйірмелердің жұмысын жүргізеді; студенттік және магистрлік жұмыстарға ғылыми басшылық жасайды; докторантура аясында ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындайды.

Ғылым жаршылары



А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі Тіл және әдебиет теориясы кафедрасының профессорлық-оқытушылар құрамы жастарға саналы білім берумен ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатар ұштастырып жүрген ұлағатты ұстаздар.

2011-2017 жж. аралығында кафедрада ҚР БЖҒМ қаржыландыруымен 3 грант жобасы жүзеге асырылды. Профессор Абсадықов А.А. «Тобыл-Торғай өңірінің фольклоры» жобасы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыс жүргізді. Профессор Ахметова Б.З. «Аймақтық этнолингвистика: Қостанай облысындағы қазіргі жағдай (топонимия материалы бойынша)» және «Қостанай облысы диаспораларының тіл экологиясы мен этникалық өңірдегі мәдениеті» атты екі жобаның авторы болды. Қазіргі таңда профессор Ахметова Б.З. «Өңірлік этнолингвистика: Солтүстік Қазақстан территориясындағы балалар мәдениеті» атты бастамашыл тақырыппен жұмыс жасауда.

Кафедра оқытушыларының монографиялары қарастырған мәселелерінің өзектілігімен ерекшеленеді. Атап өтсек, Ахметова Б.З. «Региональная этнолингвистика: на материале топонимии Костанайской области», Ахметова Б.З., Дускенова Д.О. «Региональная социоллингвистика на материале Костанайской области», Досова А.Т.

«Т. Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісі», доцент Қайыпбаева А.Қ. «Поэзия тілінің көркемдік әлемі», доцент Оразбаева А.С. «Қазақ әдебиеті тарихындағы шежірелік шығармалар: тарихилығы, жанрлық және стильдік ерекшеліктері» атты монографиялары жарық көрді.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының Қауымдастығы ел егемендігінің 25

жылдығына орай ұйымдастырған Тәуелсіз Қазақстанның дамуы мен қалыптасуына арналған Республикалық ғылыми шығармалар байқауында доцент Досова А.Т. «Т.Ахтанов прозасының стилистикалық ерекшеліктері мен танымдық көрінісі» атты монографиясы «Үздік монография» номинациясын жеңіп алды.

Профессор Ахметова Б.З. Characteristics of Socio-Cultural Vitality of Modern Russian Settlements of the Former Gorky Line of Kazakhstan, Tension around the problem of the South China Sea as a factor of geopolitical confrontation and transformation of the present world order, Political orientations of the youth in Tajikistan, Uzbekistan and Kazakhstan тақырыптарындағы ғылыми мақалалары Scopus базасындағы шетел баспаларына жарияланды. Астана қаласында өткен «Scopus Award – 2018» халықаралық байқауында Ахметова Б.З. 1 орынға ие болды.

Дәстүрлі түрде кафедра ұжымының ұйымдастыруымен халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, ғылыми семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізіліп тұрады. 2017 жылдың 21 қарашасында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Руханият және мәдениетаралық коммуникация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференция жұмысына шетел және Қазақстанның жоғары оқу орындарынан 30-дан астам ғалымдар мен оқытушылар қатысты. 2017 жылдың сәуір айында қазақ жазуының латиницаға көшуіне байланысты «Латын әліпбиі: зейін және зерде» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. 2018 жылдың қазан айында кафедра оқытушылары, докторанттар, магистранттардың қатысуымен «Қазақстандағы тілдік жағдаяттар» атты ғылыми семинар өткізілді.



Кафедра меңгерушісі Ахметова Б.З.

Жыл сайын оқытушылар студенттермен бірлесіп А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің 3і журналына ғылыми мақалаларын жариялап отырады.

Кафедрада доцент Досова А.Т. жетекшілігімен «Дүниенің тілдік бейнесіндегі қазақ тіл білімі» атты ғылыми үйірме жұмыс істейді. Үйірменің мақсаты: жастарды ғылымға баулу, филологияның өзекті мәселелері жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізуге бағыт-бағдар беру. Үйірме жұмысына студенттер, магистранттар, докторанттар тартылған. Кафедраның ғалым ұстаздары білім алушыларға филологияның өзекті мәселелері жөнінде ғылыми кеңестер беріп отырады. Студенттерге арналған «Қостанай өңіріндегі үштұғырлы тілдің дамуы», «Латын әліпбиі- заман талабы», «Аймақтық этнолингвистиканың өзекті мәселелері» атты семинарлар өткізілді. Үйірме жұмысының жетістіктеріне келетін болсақ, 2016 жылы 3 курс студенті Шахатдинова Айниса «Парасатты жастар» атты жалпы университеттік студенттік бизнес-жобалар байқауында «Қазіргі жастардың сөйлеу тілі» тақырыбында жоба қорғап, 3 орынды иеленді. 2017 жылы 4 курс студенті Токтар Қолқанат студенттердің республикалық «Жас ғалым» байқауында 2 орынды жеңіп алды. 2018 жылы 1 курс магистранты Міркемел Айнұр «Исаев оқулары» жас ғалымдардың республикалық ғылыми-тәжірибелік конферен-

циясында баяндама жасап, 3 дәрежелі дипломмен марапатталды. 2017 жылы кафедраның ұйымдастыруымен өткен «Руханият және мәдениетаралық коммуни-



кация» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда 4 курс студенттері Ақылбекова Алмагүл, Ерполат Ақмарал «Қазақ тілінің латын әліпбиіне дейінгі және кейінгі емле-ереже мәселелері» тақырыбында жасаған баяндамалары ғылыми жаңалығымен ерекшеленді. 1 курс магистранты Қасым Нұрсұлтан қазақтың айтыс өнеріне арналған республикалық байқаулардың жүлдегері. 2018 жылы 4 курс студенті Пішенбай Орынқұл оқу, ғылым, өнер, спорт саласына қосқан айырықша еңбегі үшін «Үздік студент» атанды.

Кафедра шетелдің белгілі жоғары оқу орындармен тығыз ғылыми-шығармашылық қарым-қатынас орнатқан. 2015 жылы



Кафедра доценті Досова А.Т.

сыртқы академиялық ұтқырлықты дамыту мақсатында Қазан Федералды университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Миннегулов Хатип Юсупович А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-нің «Филология» мамандығының студенттері мен магистранттарына дәріс оқып, семинарлар өткізуге шақыртылды. 2016 жылы Ресей Ғылым академиясының профессоры, филология ғылымдарының докторы Карабулатова Ирина Советовна университетте болды. Ол «Филология» мамандығының білім алушыларына мәдениетаралық коммуникацияның этнопсихоллингвистикалық мәселелері, ономастика, тілдік қатынастар мәселелері туралы дәріс оқып, оқытушылар, студенттер мен магистранттарға «Жаһандану және миграция жағдайындағы көптілді тілдік тұлғаның эволюциясы» тақырыбында кеңес берді.

Жыл сайын «Филология» мамандығында оқитын магистранттар мен докторанттар шетел, Қазақстанның белгілі жоғары оқу орындарында тағлымдамадан өтіп отырады. 2018 жылы 2 курс докторанты Калиев Б.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде, Кульбаева М.М. Қазан Федералды университетінде болып, тәжірибеден өтті.

Тіл және әдебиет теориясы кафедрасы ұжымының ғылым жолындағы ізденістері мен жетістіктері әлі алда.



ФАКУЛЬТЕТ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІ



«Энергия көздерін қалпына келтіру» зертханасы

Инженерлік-техникалық факультетінің 2011 жылы халықаралық ТЕМПУС жобасы негізінде «Эко-Инженерия» магистрлік бағдарламасын енгізді. Аталмыш бағдарлама биологиялық қалдықтар мен қайта өңделген қайнаркөздері негізінде табиғи ресурстар мен энергияны өңдеуді жүзеге асырады. Серіктес елдер қатарында Германия, Латвия, Литва, Эстония және Ресей бар. Жоба аясында «Электроэнергетика» мамандығы бойынша оқу жоспары құрылып, алғашқы магистранттар қабылданды.

Факультет көптеген елдермен сыртқы байланыс орнатып, серіктес ретінде жұмыс жасап келеді. 2016-2018 жылдары оқытушылар халықаралық және республикалық деңгейдегі жобалардың қытысушылары атанды. Оның ішінде кафедра доценті Н.В.Гаврилов жетекшілігімен «Разработка технических средств приготовления кормов для АПК Костанайской области» тақырыбы, ЭРАЗМУС+ бағдарламасы арқылы «Управление зелёной логистикой. Развитие транс-евроазиатской доступности через устойчивый логистический менеджмент и информационно-коммуникационную компетенцию LogON (561937-EPP-1-2015-DE-EPPKA2-CBHE-JP)» тақырыптары қамтылды.

Инженерлік-техникалық факультетінің деканы С.Б.Есимхановтың жетекшілігімен «Улучшение массогабаритных и стоимостных показателей систем автономных электроприводов сельскохозяйственно-го назначения на основе оптимизации параметров» тақырыбы, «Совершенствование управления качеством производства автомобилей», жетекшісі доцент Нурушев

С.З., Электроэнергетика және физика кафедрасының меңгерушісі Кошкин И.В. жетекшілік еткен «Проблемы энергоэффективности теплонасосных установок» тақырыбы үздік нәтиже көрсетті.

Факультетте тәжірибе ұстаз-ғалымдарымыз қызмет атқарып келеді. Олардың қатарында ғылым докторлары Кушнир В.Г., Курманов А.К., Астафьев В.Л., Дерепаскин А.И., Гайфуллин Г.З. және Исинтаев Т.И., Поезжалов В.М. сынды тәлімгерлер бар.

Жыл сайын өткізілетін халықаралық және республикалық конференцияларға қатысушылар тізімінде факультет оқытушыларының орны бөлек. Мысалы, 2016 жылы 45 еңбек, 2017 – 11, 2018 жылы – 50 публикация жарыққа шықты. Ғылыми еңбектердің негізгі критерийлеріне импакт-факторлы мақалаларды жатқызуға болады. 2016, 2017, 2018 жылдар бойынша Кушнир В.Г., Нурушев С.З., Гайфуллин Г., Кошкин И.В. сынды ұстаз-ғалымдарымыз Web of Knowledge, Thomson Reuters, Springer, Scopus, как Bulgarian Journal of Agricultural Science, Procedia Engineering, Bulletin of Science and Practice (Scientific Journal) базалы журналдарда жұмыстарын жариялады.

Факультетімізде магистратура және докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізулері үшін жақсы жағдай жасалған. Бірнеше зертханалары құрылған. Электроэнергетика және физика кафедрасында «Энергия көздерін қалпына келтіру зертханасы», Машина жасау кафедрасында «Инновациялық инжиниринг зертханасы» жұмыс жасайды.



Бүгінде технологияның қарыштап тұрған шағы екені бәрімізге аян. ХХІ ғасыр - бұл ақпараттық қоғам мен технологиялық мәдениет дәуірі. Яғни, ақпараттық компьютерлік кезеңге бейімделу бүгінгі күннің басты талабы.

Елбасымыз өзінің бір сөзінде: «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деген болатын. Бұл дегеніміз келешек ұрпақ, жастардың бойында ақпараттық мәдениет қалыптастыру – қоғам алдындағы ең басты міндет.

Дәл осы мақсатта қаламызда белсенді жұмыс жасап жатқан Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетіндегі Ақпараттық технологиялар факультеті. Факультет әрдайым тың жобаларды жүзеге асыруға құштар студенттерімізге сапалы білім беріп келеді.

Мамандықтың тарихына қысқаша көз жүгіртетін болсақ, 1992 жылы университетімізде жаңа мамандықтарды ашуға байланысты экономикалық-математикалық және физика-математика факультеті қайта ұйымдастырылған еді.

Оның құрамына «Физика кафедрасы», «Физика және электроника», «Автоматика ЭВМ» деп аталатын 3 кафедра кірді. Кейін 1992 жылы «Есептеуіш техниканың және автоматтанған жүйенің бағдарламалық қамтамасыздану» жаңа мамандығы ашылып, 1993 жылы алғаш рет информа-

ластыру мақсатында бірнеше лабораториялар бар. Яғни, студенттер арнайы зертханаларда өздерінің техникалық бейімділіктерін одан әрі дамыта алады.

Мысал келтіретін болсақ, факультеттегі мехатроник роботы. Бұл робототехника студенттерді теория жағынан ғана емес практика жағынан да жетілуіне өз үлесін қосып келеді. Аталмыш робот белгілі бір жоба аясында университеттің қаржыландыруымен, 2016 жылы Санкт-Петербург қаласынан арнайы әкелінген болатын.

Мехатроник роботы сөйлей алады, өлең шумақтарын оқып, тіпті билей де алады. Сонымен қатар әңгімеңіз ұнаса көзінде жүрекшелер пайда болады. Мұның бәріне факультетпен танысу барысында куә болдық. Бүгінде факультет студенттері роботты одан әрі жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізуде.

Ақпараттық технологиялар факультетінде бұдан бөлек тағы екі зертхана жұмыс жасайды. Олардың бірінде магистранттардың жұмыстары көрсетілсе, бірінде 3D принтер сыныбы қалыптасқан. Онда арнайы фигуралардың кескінін салып, 3D принтер арқылы шынайы бейне жасалып шығарылады.

Мінекей, осындай зертханаларда студенттеріміз ғылыми жобаларын жүзеге асырады, тәжірибе алмасып, өзін жетілдіре алады.

Ақпараттық технологиялар факультеті



тикадан студенттік олимпиада өткізілген болатын.

Қалыптасқан уақыттан бастап, облысымызда, жалпы Республикамызда IT - технология шеңберінде жоғары квалификацияланған мамандарды дайындап келе жатқан факультет құрамына, бүгінде 4 кафедра кіреді. Олар «Математика», «Информатика», «Ақпараттық жүйелер» және Бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары.

Факультет локальді желі, интернет, Wi-Fi қосылған заманауи 15 компьютерлік сыныптармен қамтамасыз етілген. Сондай-ақ, кафедра құрамында практикалық шеберліктерді, дағдыларды, ғылыми зертеулерді өткізуге арналған техникалық және бағдарламалық қамтамасыз етумен жай-

Ал, факультеттің білім беру жүйесіне келер болса, оқу - тәрбиелік процессі докторлар, ғылым кандидаттары, профессорлар, доценттер мен магистрлерден тұратын жоғары білімді профессорлық-оқыту жүйесі құрастырылған. Бұл, мамандықтағы сапалы білім кепілі.

Тағы бір айта кетер жайт, студенттер өздерінің дәріс барысында алған білімдерін, түрлі мекемелерге барып, іс жүзінде көрсете алады.

Сондай - ақ факультет студенттері біліммен қоса, оқу ордамыздың қоғамдық өмірінде де өте белсенді. Олар «Шахмат», «КВН», сән байқаулары мен мерекелік іс-шараларда жоғары нәтижелер көрсетіп келеді.

Қазіргі технологиялардың дамығын заманында дәл осы мамандықта білім алатын студенттерге деген сұраныс өте жоғары. Сол себепті білім алушылардың

80% оқу орнын тәмәмдаған соң еш қиындықсыз жұмысқа орналаса алады.

Өсіп келе жатқан жас буынмен бірге еліміздің робототехника, жалпы техника саласы да өркендеп келе жатқаны белгілі. Сол себепті осы мамандық саласын таңдаған жастарымыздың құлшынысы мен талабын барынша жетілдіре білу арқылы ғана еліміздің техника саласындағы әл ауқатын көтере аламыз.

Сағыныш Ибрагим,
Журналистика мамандығының 3 курс студенті



РОБОТОТЕХНИКА – БЕЛСЕНДІ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН САЛА



«Робототехника және мехатроника» бағытындағы докторлар, магистрлер және бакалаврларды А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің Ақпараттық технологиялар факультетінің «Ақпараттық жүйелер және Бағдарламалық камтамасыз ету» мамандығы дайындайды.

Кафедрада сапалы маман даярлау үшін Инновациялық инжиниринг зертханасы жұмыс жасайды. Мұнда түрлі ғылыми жобалар мен жұмыстар жүргізілуіне лайықталған оқыту техникалары мен конструкторлық құралдар жинақталған. Осылайша білім алушылар кез келген құралдың 3D моделін жасап, оны сол мезетте 3D – принтерде басып шығара алады, ол үшін бағдарламалау, микробақылаушыны құру және сенсор мен жетегін байланыстырып, қандай да бір әрекетті бағдарламалайды. Түрлі математикалық модельдер жасап, оларды салыстырады. Принтерде жасалып шыққан өнімдерде түрлі салада қолдана алады.

Білім алушылар зертханаларда уақыттық бағдарламалық басқармасы құралдарымен жұмыс жасайды. Жасанды ителлект және машиналық оқыту аппараттарына қарағанда, негізгі назар бағдарламалау тіліне түседі. Қызығушылықтары бар студенттер үшін зертхананың есігі әрдайым ашық.

Зертхананың жұмыс жасап келе жатқан кезеңінде кнптеген жобалар жасалды. Мысалы, ақылды үй жобасы, протезді қол, транспортта жол ақысын төлеуді автоматтандыру жүйесі, күн белсенділігінің трекері және тағы да басқа жобалар.

Мамандығымыздың студенттері халықаралық дәрежеде өтетін пән олимпиадаларына қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Көптеген білім алушыларымыз жаңа гаджет, «ақылды үй» және «ақылды заттар», түрлі модульдерді бағдарламалау арқылы



стартап жобаларына қатысады. Бұндай идеялар мен ойлар кейін ірі бизнес жобаларға ұласуда.

Жыл сайын жұмыс берушілердің қатысуымен түрлі конкурстар өткізіледі, бұл студенттерге сапалы маман болуына берер үлкен бастама. Оған қоса, еңбек нарығындағы сұранысқа, маман дайындау сапасына деген талапты, студенттердің жұмысқа орналасуына, білім жүйесінің нақтылануы және түлектердің болашақта сұранысқа ие маман болуына септігін тигізеді.

Осылайша, робототехника – белсенді дамып келе жатқан сала. Олар жаңа идея ұсынушы теоретик-маман ретінде де, нақты өніммен жұмыс жасай алатын командалық маман ретінде де сұранысқа ие. Қазақстандық робототехника өндірушілері болашақ инженерлердің сапалы білім алуына қызығушылық танытты. Робототехника – адамзаттың болашағы.



Мені шыңдаған – «Серпін»

А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің ақпараттық технологиялар факультетінде биік белестерді бағындырып, біршама жетістіктерге жетіп жүрген студенттер көп. Қазіргі күні таңдаған мамандықтарының майталмандары біздің мақтаншымызға айналып отыр. Солардың бірі республикалық байқаулардың жеңімпазы Ақпараттық жүйелер мамандығының 3 курс студенті Бейбарыс Түзелов. Шымкент қаласының тумасы қазір «Мәңгілік ел жастары – индустрияға Серпін-2050» бағдарламасы бойынша А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің «ақпараттық жүйелер» мамандығында оқиды.

- IT маманы болу бала күнгі арманың ба еді?

- IT маманы болуды бала күннен армандадым деп айта алмаймын. Мамандық таңдауды жауапкершілігімен мектепті тәмамдар кезде ойлана бастадым, жалпылама ойыма ең алғаш келген дүние ол сұранысқа ие мамандық таңдау болды. Сонымен қазіргі уақытта күн санап дамып жатқан технология кезеңінде өзіме IT технология маманының иесі болуды мақсат еттім.

- Оқуға түсу кезінде қандай қиындықтар болды?

- ҰБТ нәтижесіне байланысты қалайда болсын грантка түсу мүмкіншілігін іздестірдім. Сұрастыра жүріп Серпін бағдарламасымен таныстым, арнайы осы бағдарлама бойынша оқып жүрген студенттермен сөйлесіп, ерекше әсер алдым. Ойлана келе соңғы шешімім ретінде А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетін тандап, ақпараттық жүйелер мамандығына түстім.

- Студенттік өмірдегі белсенділігің туралы айта өтсен.

- Кез – келген адам үшін студенттік өмір өте қызық екені белгілі. Ал егер белсенді болсаң, ол одан да қызығырақ дер едім. Университет қабырғасында көптеген үйірмелер қызықтырып өздеріне қосылуды насихаттады. Маған ерекше қызығушылық танытқан «Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубы болды. Сосын ойланбастан

«Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубының мүшесі болдым. Кейіннен көптеген турнирлерінде жүлделі орын иеленіп, белсенділік танытып, «Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубының атынан қалалық, облыстық, республикалық турнирлерге қатысып Астана, Рудный, Көкшетау қалаларында болдым. 2017-2018 жылдары «Ахмет ұрпақтары» пікірсайыс клубында координатор қызметін атқарып, «KGU CUP X» халықаралық турнирінің ұйымдастырушысы болдым және де облыстық «ASU intellect» атты интеллектуалды жобаға қатысып белсенділік танытқан жағдайым бар. 1 курс кезінде «Серпін-2050» бағдарламасы бойынша университет атынан Щучинск қаласының «Бурabay Discovery» демалыс орнына барып 2 күндік бизнес, рухани даму, қоғамдық белсенділік сынды тренингтарға қатыстым. Факультет аралық спорттық жарыстарда футбол, волейбол ойындарында топпен жүлделі

орынға ие болғанбыз.

- Жетістіктеріңмен бөлісе кетсең?

- Жарыс... студенттік өмірде республикалық жарыстарға қатысамын деген ой болмапты. Бір күні кураторымыз Күзенбаева Айжан Айдарханқызы келіп Павлодар қаласында өтетін республикалық Серпін жобасы бойынша ұйымдастырылған «Мені шыңдаған Серпін» байқауына қатысу мүмкіндігі бар екенін айтты. Бұл байқаудың жауапкершілігі өте жоғары екенін ескеріп маған шешім қабылдау қиынға соқты. Себебі дәл осы байқау бойынша 2017 жылдың жеңімпазы университетіміздің ең белсенді студенттерінің бірі Құрбанбек Ергали еді, осылайша ендігі жауапкершіліктің ауыр салмағы маған түсті. Бірақ, кафедра оқытушыларының, достарымның, ата-анамның қолдауымен дайындыққа кірістім. Осы ретте маған ерекше көмек көрсеткен достарым Орынбек Олжас пен Нұрахметов Арыстанға алғысымды айтқым келеді. Жалпы бұл жарыста Серпін бағдарламасы бойынша 9 өңірден ақпараттық жүйелер мамандығының 27 студенті қатысты. Жарыс 3 кезең бойынша өткізілді.

Келесі кезекте 2019 жылдың ақпан айында ҚР Білім және Ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен Қарағанды қаласында өткен «Ақпараттық технология» саласы бойынша ғылыми жұмыстар мен шығармашылық жобалардың халықаралық байқауында инновациялық көзқарас бөлімі бойынша 1-ші орын иегері болдым. Бұл байқауға еліміздің барлық өңірлерінен көптеген студенттер қатысып, өздерінің тың идеяларымен, жаңа бағыт бойынша жасап жатқан жұмыстарымен бір-бірін таңқалдырды. Бұл жобаға қатысуыма түрткі болған әрі жетекшілігімен орасан зор көмегін тигізген Күзенбаев Батырхан Аманжолұлына алғысымды айтамын.

Сұхбаттасқан Аспет ЕРКЕН,
Ақпараттық технологиялар факультетінің
3 курс студенті



ЖУРНАЛИСТИКА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ

Журналистика және коммуникациялық менеджмент кафедрасында ғылыми зерттеу жұмысы стратегиялық жоспарға сәйкес жүргізіліп келеді. Жыл сайын оқытушылар халықаралық және республикалық, өңірлік ғылыми басылымдарда мақалаларын жариялайды. Кафедра доценті Светлана Николаевна Машкова 2017 жылы Польшалық ғылыми «Journal of Communication Media Watch» журналында «Globalization and the Modern Non-fiction» тақырыбын талдады. 2018 жылы кафедраның аға оқытушылары Мадина Булатовна («Contemporary Journalism in Central Asia: Media Practice and Prospects in Social Network») және Амангелді Мейрамұлы («Retrospective Analysis of Formation and Development of Legal Journalism in Kazakhstan») осы типті басылымдарға мақала жариялады. Бұл дегеніміз оқытушылардың ғылыми жұмыстарының халықаралық деңгейде мойындалғаны.

Республикалық деңгейде кафедраның оқытушылар құрамы ХАБАРШЫ – Вестник КазНУ, Журналистика сериясы; «Ақиқат» ұлттық қоғамдық саяси журналы; «Наука и жизнь Казахстана» халықаралық ғылыми журналы; Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің Хабаршысы, Журналистика сериясы; А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің басылымдары - көпсалалы ғылыми «3: интеллект,

идея, инновации» журналымен жұмыс жасайды.

Оқытушылар мен студенттердің ғылыми потенциалын дамыту мақсатында халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысады. Жыл сайын А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің қабырғасында өтетін халықаралық ғылыми-әдістемелік «Иннова» конференциясында 2017 – 3 публикация; 2018 – 4 публикация, 1 оқытушы сөз сөйледі. «Байтұрсынов оқулары» конференциясына да үзбей атсалысады.

Әдебиетпен камтамасыз ету мақсатында 2017 жылы Химич С.М. «Язык и стиль массовых коммуникаций» оқу-әдістемелік оқулығын; Машкова С.Н. «Жанровый полиморфизм «Глиняной книги» Олжаса Сулейменова» монографиясын жарыққа шығарды.

Кафедра оқытушыларының жетекшілігімен халықаралық және республикалық конференцияларда мақала жариялап отырады. Мысалы, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінде өткен ғылыми тәжірибелік «Медиа в современном мире. Молодые исследователи» атты конференцияға 2018 жылы - 6 жұмыс, 2019 жылы – 7 жұмыс жіберілді.

Студенттер мен магистранттардың ғылыми жұмыспен айналысу қабілеттерін дамыту мақсатында кафедрада ғылыми үйірме жұмыс жасайды. 2017 жылы үйірме мүшелері түрлі ғылыми және шығармашылық

конкурстардың жеңімпаздары атанды. 2018 жылы студенттер қатары көбейіп, 20 студент үздік нәтиже көрсетті, 5 қазақ тілінде, 1 ағылшын, 13 орыс тілінде жеңімпаз атанды.

Студенттердің ғылыми жетістіктері:

1. Назарук Татьяна, «Коммуникационный лидер XXI века» III халықаралық ғылыми-білім форумында «Наши события» номинациясы бойынша 3 орын алды;

2. Кабдыбекова Гульнур, VIII Республикалық «Жас ғылым» студенттер мен мектеп оқушылары арасындағы ғылыми жобалар конкурсында 2 орын алды, Астана, 2018 жыл.

3. Шаяхметова Айгерим, республикалық «Современная наука» ғылыми жұмыстар конкурсында 3 орын;

4. Мустафина Айгуль, жоғары оқу орындары арасында өткізілген «Взгляд в будущее» ғылыми зерттеу жұмыстарында 3 орын, 2018 ж.

5. Нугманова Дина, «Медиа в современном мире. Молодые исследователи» халықаралық конференциясында 3 орын.

6. Говоров Георгий, «Спортшылар – біздің мақтанышымыз» тақырыбында шығарма сайсында 2 орын, Астана, 2018 г.

7. Карина Айбиби – Практикалық лингвистика кафедрасының ұйымдастыруымен студенттердің ғылыми-практикалық конференциясында 2 орын иеленді.



Тарихың – танымың



Қазақстан тарихы кафедрасы ғылыми және білім процесін жүзеге асыру мақсатында тынбай еңбек етіп келеді. Түрлі халықаралық және республикалық конференциялардың жинақтарындағы жарияланатын мақалаларымен жұмыс істеуден бөлек, кафедра шетелдік оқу орындарымен ғылыми байланыс орнатқан. 2017 жылы Н.Ф.Катанов атындағы Хакассия мемлекеттік университеті және Челябині мемлекеттік университетімен халықаралық келісімдерді жүзеге асыру мақсатында келісім орнатылған болатын. Нәтижесінде онлайн-вебинар, ғылыми конференциялар және пікір жазу сияқты түрлі ғылыми ізденіс жұмыстары жүргізілді.

2017 жылы Хакассия мемлекеттік университетімен «Тюркские народы Сибири и казахи: история и современность» тақырыбында халықаралық вебинар өтті. Исмаилов С.С., Кусаинов Г.Б., Ергалиева Д.С. сынды кафедра ұстаздары баяндамаларын қорғады. Басқосу нәтижесінде аталмыш тақырыпқа қатысты болашақта ғылыми жоба жасау ұсынысы нақтыланды. «1917 год в судьбах народов России» тақырыбымен оқытушылар Легкий Д. М. және Ибраев Е. Е. халықаралық вебинарда жұмыстарын ұсынды.

2016 жылдан бастап кафедра оқытушылары алыс-жақын шетелдер мен Қазақстан аумағында докторантураға түсу арқылы дәрежелерін артырып келеді, оның ішінде Ресей Федерациясында кандидаттық диссертацияларын қорғауда. 2016 жылы Дулатов Б. К. Острав университетінде (Чехия) «Тарих» бағыты бойынша PhD докторантурада білім алу грантын ұтып алды. Бұл кафедра профессоры Айдар Абайұлының сыртқы байланыс орнату жұмысының үздік нәтижесі деп білеміз.

Оқытушы Ергалиева Д.С. Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінде докторантура-сын тәмамдап келді. Қазіргі таңда оқу ордамыздың қабырғасында Нурушева Г.К. және Жусупов Р.Б. докторантурада білім алууда.

2017 жылы аға оқытушы Ибраев Е.Е. Б.Н.Ельцин атындағы Урал федералды университетінде тарих ғылымдарының кандидаты дәрежесін үздік қорғап, ҚР Білім және ғылым Министрлігінде ресейлік дипломын дәлелдеді. Оған қоса, «Тарих» мамандығы бойынша

философия докторы дипломын иеленді.

2018 жылы Е.Ибраев Қостанай облысы Меценаттары «Қазына» сыйлығы конкурсына қатысып, «Культурное наследие» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. 2019 жылы М.В.Ломоносов атындағы ММУ ғылыми тағылымдамадан өтуге шақырту алды.

Кафедра оқытушылары Айтмухамбетов А.А., Легкий Д.М. и Ибраев Е.Е. жыл сайын монография шығарып, республикалық ғылыми конкурстарға қатысады. Ғылыми еңбектері Web of Science және Scopus базасындағы жоғары импакт-факторлы журналдарда жарияланады. Алғаш рет 2017 жылы тарих ғылымдарының докторы А.А.Айтмухамбетовтың мақаласы «Anthropologist» ғылыми журналында, тағы екі мақаласы «Былые годы» журналында жарыққа шықты. Бұл жолды Исмаилов С.С., Турежанов С.А., Ибраев Е.Е. сынды оқытушылар жалғастырып келеді.

Жерліктің басылымдар мен телеарна эфирлерінен де



біздің оқытушылардың еңбектері жарияланып, ойлары беріледі.

Студенттер де ғылыми жобалармен айналысуды күнделікті жоспарларына қосқан. Қазақстан халықтар Ассамблеясы ұйымдастырған «Мәңгілік ел» интеллектуалдық ойынында 2 орын алды. Алғашқы курс студенттері Байжаркенова А., Жумагулова А., Калиахметова Н. республикалық конференцияда жүлделі орын алса, Байжаркенова А., Закирова А., Жумагулова А., Қусымбаева Д. танымал жерлесіміз Е.Өмірзақовқа арналған интернет сайт жасап шығарды.

«Аймақтану» мамандығының студенті Баймухамедова Ж. 2016-2018 жылдар аралығында еуропаның Бельгия, Австрия, Испания, Дания сияқты төрт елінде магистратурада білім алды. Ал қазіргі таңда Германияда докторантурада оқуын жалғастыруда. 2018 жылы түлегіміз Амиргали Г. «Халықаралық қатынастар» мамандығы бойынша Минск қаласындағы Беларусия мемлекеттік университетіне магистратураға тапсырды.

Алдағы уақытта кафедра оқытушылары халықаралық конференция, олимпиадаларға барып қатысып, ғылыми дәрежелерін одар әрі шетелдерде қорғайды деген сеніміміз зор.

ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ АТҚАРАТЫН РӨЛІ

Қазіргі әлемде жеке тұлғаның өзін-өзі тану және өзін-өзі анықтау проблемасы кез-келген мемлекеттің өзекті және басым міндеті болып табылады. Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауында Н.Ә. Назарбаева «Жаңа онжылдық - жаңа экономикалық өрлеу - Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» анықталды, «Жастар - болашақтың негізі, болашағын құруға жаңа мүмкіндіктер пайда болады».

Қазақстан жастарына көрнекі түрде көмек көрсету, олардың инновациялық және интеллектуалды әлеуетін қолдану бағытын көрсету қажет, біздің мемлекетімізге жаңа идеялар, заманауи көзқарастар қажет. Жастардың алдында қоғамда мүлдем жаңа мәдени қабат қалыптасқан болатын, ол бұрынғы ұрпақтардан мүлдем өзгеше болды: жастардың жаңа мақсаттармен, жеңіске жету және табысқа жету, дұрыс экономикалық мінез-құлыққа бағытталған құндылыққа бағдарланған көзқарастармен туылды. Осыған орай, жастармен болған көптеген кездесулерде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Әр адам өз қабілетіне, оқуға қабілеттілігіне, өмір сүру қабілетіне, қазіргі әлемде бірге өмір сүру қабілетін үйретуі керек».

Әрбір жастар өкілін жеке әлеуметтік-экономикалық және инновациялық дамудың тікелей қатысушысы ретінде бағалау маңызды. Бүгінгі жастар - бұл білім беру, бұқаралық коммуникация процесінде ақпаратты қабылдау дағдылары, білім беру үдерісінде жинақталған ынталандыру, өзін-өзі дамыту және практикалық іс-әрекеттер.

«Болашақ»-Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халықаралық білім беру стипендиясы. Университеттің жоғары оқу орындарының ғылыми дәрежесін алу, сондай-ақ әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде және компанияларында өндірістік және ғылыми тағылымдамадан өту


«Болашақ» бағдарламасы дерлік тәуелсіздікпен тең. Осы жылдар ішінде шет елде 11 мыңнан астам стипендия ақы төленді. Түрлі бағалаулар бойынша 500 миллион доллардан 1 миллиард долларға дейін жұмсалды. Бірақ бұл инвестициялардың ақысы төленді ме? «Болашақ» қайда ғалымдар болуы керек еді, олар елеулі жаңалықтарды, экономистерді, реформаторларды, инновациялар мен жаңа технологиялар саласындағы сарапшыларды жасай алады ма?

«Болашақ» бағдарламасы бар жылдар ішінде көптеген білімді мамандар өсіп, олардың білімін жетілдіріп, айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Мәселен, Мағжан Әуезов, Қазақстандағы ірі банктердің бірі «Қазкоммерцбанк» АҚ. Алмаз Құдайбергенов Қазақстандағы мұнай қызметтері компанияларының бірлестігін басқарады. Батыс Қазақстандағы мұнай-газ компанияларына машина жасау өнімдерін шығаратын және жеткізетін орташа кәсіпорынның иесі болды.

Біздің республикада жастар бағдарламаларын жүзеге асыру үшін «Жастар тәжірибесі», «Жұмыспен қамту-2020», «Жол картасы-2020» сияқты бірқатар іс-шаралар атқарылуда. Осы іс-шараларға қарамастан, қазіргі Қазақстанның экономикалық және саяси ортасын жұмыссыз жастар негізінен өндірістік қызметтен және қоғамдық өмірден айыру ортасы ретінде қабылдайды. Бұл жұмыссыз жастар арасындағы жаппай әлеуметтік масылдық, саяси экстремизм мен қылмыстың негізінде жатыр.

Еңбек нарығындағы жастарды еңбекпен қамту мәселесі өте өзекті болып табылады. Елдің еңбек ресурстарындағы жастардың үлесі қысқаруда. Қазақстанда 2017 жылдың 2 тоқсанының қорытындысы бойынша 15-тен 28 жасқа дейінгі 2,1 млн адам экономикалық белсенді халық болып саналады. 1 тоқсанда жастар жұмыс күшінің саны 2 млн адам деңгейінде болды. Бұл соңғы 14 жылдағы ҚР-дағы еңбекке қабілетті жас халық санының ең төмен көрсеткіші. 2016 жылдың 2 тоқсанымен салыстырғанда мұндай қазақстандықтардың саны 6,9% - ға азайды. Жұмыс күшінің санындағы жастардың үлесі 25,5-тен 23,6% - ға дейін төмендеді.


ҚР - да экономикалық белсенді халық саны ұлғайып келеді, алайда өте төмен қарқынмен. Бір жыл ішінде жұмыс күшінің көлемі 0,5% - ға немесе 48 мың адамға өсті (сурет 1) [3].



Сурет 1-Еңбек ресурстарындағы жастардың үлесі




Сурет 2- 15-28 жастағы жалдамалы қызметкерлер саны, млн адам



Жас мамандардың жетіспеушілігі жасы бойынша жартылай жабылды - соңғы 5 жылда 55 жастағы қызметкерлер саны 19,5% -ға өсті. Экономикалық белсенді жастар өз бетінше жұмыспен айналысуды ұйғарады, бір жыл ішінде тиісті жастағы өз-өздеріне жұмыс істейтін қазақстандықтардың саны 1,1% немесе 5,2 мың адамға ұлғайды (сурет 3).

Өсіресе жалдамалы еңбек нарығы белсенді жас кадрлардан айырылады – бір жыл ішінде 15-28 жастағы жалдамалы қызметкерлер саны 9,1% -ға немесе 153,5 мың адамға азайды (сурет 2)[3].

Сурет 3 - 55+ жастағы жалдамалы қызметкерлер саны, мың адам



Жастар, өмірге енетін ұрпақ ретінде, өз болашағына ерекше қызығушылық танытады. Ол өзінің мүмкіндігіне сенеді, болашақта қандай білім мен дағдылар пайдалы болатынын айқын түсінеді. Жалпы экономикалық жүйенің дамуына үлес қосу жастардың басты мақсаттарының бірі болып табылады және біз «болашақ экономиканы» өз көзімізбен көруге өте қуаныштымыз.

Майкопова Г.С. қаржы және банк ісі
кафедрасының доценті
Абжанова А.К. аға оқытушы
Исмагулова А.В. 2 курс студенті

ИННОВА-2019



Жуырда ҚМУ-де дәстүрлі «ИННОВА-2019» ғылыми-әдістемелік конференциясы өтті.

Конференция жұмысы Қазақстандағы білім берудің заманауи мәселелері мен бәсекеге қабілетті маманның жаңа моделінің инновациялық көздерін талқылауға бағытталды. Конференцияға тек біздің университеттің ғана емес, сонымен қатар Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің және Н.Ф. Қатанов атындағы Хакас университетінің

оқытушылары, докторанттары мен магистранттары қатысты.

«Өзгермелі әлемдегі білім: жасыл дағдылар», «Жанартылған білім беру жағдайындағы ЖОО-дағы инновациялық технологиялар», «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде экономикалық білім беруді жаңғырту», «Жаңа гуманитарлық білім «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» - осы және өзге де өзекті тақырыптар пленарлық отырыста талқыланды.

Сондай-ақ 3 секцияның жұмысында «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 оқулық», «Қазақстанды цифрландыру: білім берудегі АТ-технологиялар», «Әдістемелік идеялардың on-line панорамасы» жобасы шеңберінде аударылған оқулықтарды білім беру процесіне енгізу туралы сөз қозғалды. Сонымен қатар мамандарды дайындаудағы көптілді оқытудың құзыреттілік тәсілі мен Эразмус+ сияқты халықаралық бағдарламаларға қатысу арқылы жоғары білімнің әлеуетін арттыру тәжірибесі әңгіме өзегіне айналды.

Секциялар мен дөңгелек үстелдерде мазмұнды баяндамалар ұсынылды, конференцияға қатысушылар жұмысқа белсенді қатысты, түрлі әдістемелік жанаалықтарды зерттеуге, білім берудің өзекті мәселелерін талқылауға қызығушылық танытты.

Конференцияда қаралған баяндамалардың электрондық жинағы жарияланды.

Жаңартылған білім сапасы



«Білімді ұрпақ – болашақтың кепілі» дегендей, бүгінгідей ел болашағы – жас буынды заманына сай лайықты жеке тұлға ретінде қалыптастыру ісі мемлекетіміз үшін маңызды болса, мұғалімдер қауымына артылар жүк ауыр екені баршаға мәлім.

Қазақстандағы білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қазіргі таңда қазақ тілі – мемлекеттік тіл, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану-заман талабы болып отыр. Оқыту жүйесі өзгерді. Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім қажет. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі – спиральді қағидатпен берілуі. Оған оқу мақсаттарының жүйесін талқылау барысында көз жеткіздік. Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериялдық бағалау жүйесіне өтеді.

Критериялды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты балдары бойынша өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Критериялды бағалау, кері байланыс тәсілі ХХІ ғасырдағы қарқынды дамып келе жатқан зияткерлік және техникалық ортада табысты болу үшін қажетті дағдыларды меңгертуге бағытталған. Олар оқушыларды сын тұрғысынан ойлау, бірлесіп жұмыс істеу, ақпаратты өңдеу, проблемаларды шешу сияқты анағұрлым жоғары деңгейдегі көптеген дағдыларды өз бетінше меңгеруге және зерделеуге дайындайды және ынталандырады.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлыңғыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру-бүгінгі күннің басты талабы. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі. Құйрықты жұлдыздай жарқ еткен, ұлы ағартушы Шокан Уәлиханов: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деген. Азат, тәуелсіз мемлекетпіз, енді жүйелі білім беру міндеті ғана тұр. Бұл міндетті абыроймен атқару үшін күні-түні іздену, әлемдегі озық әдіс-тәсілдерді барынша мектеп өміріне ендіру – ұстаздар үшін парыз. Осы бағдарлама толық енгеннен кейін, оқушының білім деңгейінің көтерілуімен қатар, ұстаздар қауымының беделі бұрынғыдан да жоғарылай түсетініне нық сенім білдіремін!

Педагогикалық қызметке ынтасы жоғары, білім беру саласындағы үнемі жаңарып отыратын өзгерістерге икемді, жаңа технологияларды оқу – тәрбие үрдісінде қолдана алатын мұғалім ғана қоғамдағы өзгерістерге бейім оқушының жеке тұлғасын қалыптастыруда түйінді тұлға болып табылады.

12 жылдық білім беру жүйесінде, сонымен қатар жалпы білім беруде, мектеп ішілік ұйымдастырушылық құрылымдары, оқыту мен тәрбиеленудің жаңа әдістерін, түрлерін, мазмұнын және тағы басқа іздеу, мектептік білім беру мақсатын қайта қарау, білім беру үрдістерін жетілдіру мен ұйымдастыруда жаңа философиялық, психологиялық – педагогикалық тәсілдерді дайындау және жүзеге асыру талап етіледі.

Жаңашыл мұғалімдер педагогикалық қызметтің барлық түрлерін зерттеп, кез келген педагогикалық жағдайда өзінің білімділігі, парасаттылығы, ақылдылығы, мәдениеттілігі, іскерлігі, шеберлігі арқасында қандай мәселе болсын шеше алатын, педагогикалық үрдістің нәтижесін жақсартуға ұмтылатын жаңашыл әрі шығармашылықпен жұмыс істей алатын жеке тұлға болуы керек.

Білім берудің жеке тұлғаға қарай бағытталуы, білім мазмұнының демократиялылығы, заман талабына сай білім беру мен ұлттық тәрбие үрдісінің ізгіліктік сипаты ретінде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу әлемдік білім кеңістігіне еркін енуі, дамыған елу елдің қатарына қосылуды міндеттейді.

Әлемдік «Мак Кинзи» компаниясының кеңесшісі, Ұлыбританиядағы білім сапасының сарапшысы М.Барбер «білім беру нәтижесін түбегейлі өзгертудің басты үш факторы бар, олар: педагогтік қызметке соған лайық адамдардың келуін қадағалау, оларды оқытушылық қызметін тиімді жүргізуге қажетті деңгейде даярлау және әрбір білім алушыға сапалы білім беруге қолайлы жағдай туғызу. Өйткені, кез-келген білім беру ұйымындағы білім сапасы онда жұмыс істейтін оқытушылар сапасынан жоғары болуы мүмкін емес» деген. Ол сонымен қатар, өзінің көптеген елдерде жасалған зерттеулеріне сүйене отырып, «әлемдегі нәтижесі жоғары білім беру ұйымдарын басқарудағы бәріне ортақ қасиет – ұйым жұмысындағы сапалы өзгерістерге қол жеткізудің бірден-бір факторы педагогтерді дамытуға қажетті жағдайлардың жасалуы» деп тұжырым жасаған. Елбасы Жолдауында елімізде білім беру саласын дамытудың жаңа міндеттерін нақты белгілеп берді. Осы міндетті іске асыру білім саласы қызметкерлері мен ұстаздарға үлкен жауапкершілік жүктейді. Мемлекет тарапынан білім деңгейін және ұстаздар беделін көтеру жолында көп игілікті істер атқарылуда.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері – білімді тақырыптар және сыныптар бойынша күрделендіру, пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру, оқу үрдісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде жоспарлау болып табылады.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдана білу.

Бағалау жүйесі де түбегейлі өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтті. Критериал-

ды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықпалын туғызады.

Жаңартылған білім беру бағдарлама-сы бойынша өткізіліп жатқан барлық курстарда сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың тәсілдері, сыни ойлауды оқу және жазу арқылы дамытудың стратегия-лары, жобалау әдісі, өз пікірін жазбаша рәсімдеу (мақала, эссе, комментарий беру және т.б.) әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Аталған бағдарлама бойынша оқушылардың бойында тілдік дағдыларды қалыптастырудың, оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру мен инновациялық технологияларды меңгеріп, оны тиімді қолдана білудің маңызы зор.

Бүгінгі ұстаз оқушы бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін тынымсыз еңбектенуі керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарлама-ның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Бір сөзбен айтқанда, жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Жанерке Марат,
Психология және педагогика мамандығының
магистранты





Ұлыстың ұлы күні

Наурыз — қазақтың ұлттық мейрамы, төл мерекесі. Жердің тоңы жібіп, сай-саланы су алып, күннің көзі ерекше нұрға бөленген. Ал мейрам жайында айтылған пікірлер мен аңыздар көп. Бұл жөнінде Алаш арыстары да қалам тербеген. Қожа, молдалар ескі әдетті қалдырамыз деп, Құрбан, Ораза айттарын Ұлыс күні дегізіп, Ұлысты — Наурыз дегізген. Жыл басының аты Ұлыс екенінің дәлелі мынау: «Ұлыс күні қазан толса, ол жылы ақ мол болар. Ұлы кісіден бата алса, сонда олжалы болар». Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Қайда атақты, асқан бай бар болса, Наурызнаманы сол байға қылдырады екен. Үйсін Төле билердің заманында Наурызнаманың қадір-құны астан, тойдан ілгері болады екен» десе, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Наурыз — қазақша жыл басы. Бұрынғы кезде һәр елде наурыз туғанда мейрам қылып бас асып, қазан-қазан көже істеп, ауылдан-ауылға, үйден-үйге жүріп, кәрі-жас, катын-қалаш бәрі де мәз болып, көрісіп, араласып қалушы еді. Бұл кезде ол ғұрып қазақ арасында қалып бара жатқан секілді, құтты наурыздың



қай айда, қай күні болуы хақында һәр түрлі сөйленеді. Біреулер наурыз марттың бірінде, екіншілері тоғызында келеді деседі, һәр жұрттың белгілі күнде жаңа жылы туады. Ахмет Байтұрсынұлы: «Ескі жыл бітіп, жаңа жыл басталғанда: «Жаңа жыл қайырлы болсын! Жаңа бақыт кәсіп болсын!» деп құттықтасады, ол күнді мейрам қылып шаттықпен өткізеді» десе, Міржақып Дулатов «Орыста мейрам көп, қазақта айран көп» деген мәтелді тілге тиек ете келе былай деп жазады: «Мұсылман жұрттарына

ортақ, жылына екі рет келетін Ораза, Құрбан айттарын есепке алмағанда, бізде жалғыз мейрам бар, ол — Наурыз. Қыс бойы ақ кебінін жамылып, өлім төсегінде жатқан табиғаттың, жанды-жансыздың тірілуі кімнің болса да, көңіліне шаттық беретіні анық болса, тіршілік жағынан қыстың өтуіне, жаздың жетуіне қазақтан артық тілектес, қазақтан артық қуанатын ел жоқ дегуге саяды.

Мағжан Жұмабаев: «Ол күнде Наурыз бір жазғытұрым мейрамы болып, Наурызнама қыламыз деп тамаша қылады екен. Сол күнін «Ұлыстың ұлы күні» дейді екен» - деп жазған.

Наурыз мерекесі — 2019



Шығыстың жаңа жылы өз-Наурызды қазақ елінің тойлатып келе жатқанына отыз жылдан асып кетті. Наурыздың жиырма екісі күні киіз үй құрып,

жалпы халық болып қыдыру дәстүрге айналды. Ұлысты ұлы күнін Қостанай қаласы кеңінен атап өтті. Наурыз дәстүрі бойынша дастархан жайылып, көпшілікке көже үлестірілді. Қаланың орталығында киіз үй сайысы өткізілді.

Орталыққа жиналған жұрт бір-бірін құттықтап, ізгі тілектерін жолдады. Әр ұйым мейрамға арнайы дайындалған. А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті де бұл сайыстан тыс қалмады. Ақпараттық технологиялар факультеті киіз үй құрып, ас мәзірін дайындаса, гуманитарлық-әлеуметтік факультет думанды іс-шараға жауапты болды. Наурызды тамашалауға келген тұрғындар мен комиссия алдында университет ұстаздары мен студенттер көпбалалы отбасы өмірінен бір күндік сыр шертетін көрініс қойды. Университет ұжымы осылайша қала тұрғындарына ерекше көңіл күй сыйлады. Осылайша, бірлікті ту еткен көпшілік Наурызды барлық сән-салтанатымен атап өтті.

Аталмыш сайыстың қорытындысы бойынша оқу ордамыздың паш еткен өнері оң бағаланып, жүлделі II орынды иелендік.